# SARYARQA

11 qyrkúıek 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№33 (8197)



**AINA**
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚЫСҚАРТУ ЖАЛАҚЫ ӨСІРУГЕ НЕГІЗ БОЛАДЫ
2-бет

**KÚN TÁRTIBI**
ЖАҢА ЖОБАЛАР – ДАМУ КЕПІЛІ
3-бет

**QOGAM**
СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ
4-бет

**JANAZYQ**
АЯҚҚАМЫР ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ
5-бет


# ТАЛАП пен ПРИСТАНЦИОННЫЙҒА ГАЗ БЕРІЛЕДІ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

***Осы күзде Жезқазғандағы тұрғын үйлердің біразы алғаш рет орталықтандырылған газбен жабдықтауға қосылады. Аймағымыз үшін маңызды бұл жаңалықты Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің «Фейсбук» әлеуметтік желісіндегі парақшасында хабарлады.***

«Алғашқы газ тарату кешені Талап кенті мен Жезқазған қаласының Пристанционный елді мекеніндегі 550 үйді, сондай-ақ Қарағандыдағы Михайловка ауданының жеке секторында орналасқан 1865 үй мен ұйымдарды газдандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда газ тарату желілерінің құрылыс жұмыстары 80% орындалған. Сонымен қатар Теміртау қаласы бойынша 506 үй газдандырылады», – деп жазды облыс басшысы.

Жеңіс Қасымбектің жазуынша, тартылған газ желілері облыс аумағында құрылатын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ филиалына беріледі. Өз кезегінде аталған ұйым әр қалада газ желісіне қосылуға және тиісті техникалық шарттарды беруге өтінімдерді қабылдау үшін бөлімшелер ашады.

Облыс басшысы газ отынының түпкілікті бағасы нысан пайдалануға берілгеннен кейін белгіленетінін айтады. Қазіргі уақытта бұл мәселе ҚР Ұлттық экономика министрлігінде қарастырылып жатқан көрінеді.

«Сонымен қатар, қазіргі таңда Жаңаарқа, Осакаров, Бұқар жырау, Шет аудандарында және Шахтинск қаласында автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысына қажетті жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде», – дейді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, жыл соңына дейін Саран қаласы, Ақтас және Дубовка кенттерін газдандырудың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстары басталмақ. Аталған елді-мекендер «Қарағанды» автоматтандырылған газ тарату стансасына қосылатын болады. Бұл жобалардың құрылысы келесі жылы басталады.

«Сарыарқа» жобасын іске асыру көмір отынымен жылытуды біртіндеп азайтуға мүмкіндік беріп, Президентіміз атап өткендей көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға бағытталған терең декарбонизацияға негіз қалайтын болады», – дейді облыс әкімі.

**«Saryarqa-ақпарат»**



# «ЖЕРҰЙЫҒЫМ – ЖЕЗҚАЗҒАН»

## *атты онлайн концерт қала күніне арналды*

***8 қыркүйекте Жезқазған қала күнін атап өтті. Карантин жағдайына қарамастан қала күні ескерусіз қалмады. Бұрынғыдай бар сән-салтанатымен тойланбаса да Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде онлайн концерт ұйымдастырылып, жезқазғандықтарды қала әкімі Қайрат Әбсаттаров құттықтады.***

– Баршаңызды Қала күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың ашқан жаңалығынан бастау алған Жезқазғанның даңқты тарихы – біз үшін зор мақтаныш. Өңіріміздің қазыналы жер қойнауы, оны игеріп, еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жасампаз істерді жүзеге асырып жатқан халқымыз – біздің баға жетпес байлығымыз. Қала күнінде біз міндетті түрде Жезқазғанның алғашқы құрылысшыларын, оның негізін қалаған аға буынды еске алып, бүгінде мысты шаһардың экономикалық, рухани дамуына үлес қосып жүрген жезқазғандықтарға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Жезқазған – әлеуеті зор қала. Облыс деңгейінде қаламыз тұрғындарының саны жағынан үшінші, экономика бойынша Қарағанды қаласынан кейін екінші, облыс бойынша моноқалалардың даму рейтингісінде бірінші орында. Соңғы төрт жылда 200-ден аса инвестициялық жоба іске қосылып, қала экономикасына шамамен 140 млрд теңге тартуға, 3,5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді, – деп құттықтау лебізін білдірген Қайрат Бектайұлы болашаққа межелеген жоспарлар мен Жезқазғанның бүгінгі әлеуметтік-экономикалық әлеуеті турасында да айтып өтті.

«Диадар» телеарнасы арқылы көрсетілген концерттік бағдарламаның шымылдығы жезқаланың әнұранына айналған Береке Көшеновтің орындауындағы Нұрәсила Бәрменбаеваның сөзіне жазылған Жақсыкелді Сейіловтің «Жезқазған маршы» әнімен ашылды. Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония әншілерінің орындауындағы «Қала», «Армысың, Жезқазған» «Мой Жезказган», «Ұлар құс» әндері мен «Шалқыма» би ансамблінің «Қызғалдақтар» биі мерекелік концертті ажарландыра түсті.

Қала әкімдігінің қолдауымен Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған «Жезқазғаным менің» атты жобасының қорытындысы да концерт барысында белгілі болды. Жезқазған қаласының тарихы мен бүгінгі тынысы, жарқын болашағын арқау еткен конкурс 13 номинация бойынша өтті. Мәнерлеп оқу, көркем қолөнер, хореография, поэзия, хормен ән айту, театр, аспап жанры, бейнелеу өнері, фотосурет аталымдарында жеңімпаз атанғандар марапатталды.

Бұл концерттің басты тартуы қазақтың даңқты композиторы Шәмші Қалдаяқовтың сонау 70-жылдары Нұрсұлтан Әлімқұловтың сөзіне жазған «Жарқырайды Жезқазған» әні ұзақ үзілістен соң сахна төрінен екінші мәрте орындалуы болды. Мұндай қуанышты сәтті жерлестеріне күйші, өнер зерттеушісі Жанғали Жүзбай сыйлады. Неге десеңіздер бұл әннің мәтіні бұған дейін газеттерде, жинақтарда жарияланғанымен нотасы қолға түспей жүрген болатын.

Бұл әніме қосыласың,
Бар ма бізде өзге арман?
Қызыл гүлдей ашыласың,
Жарқырайды Жезқазған! – деп шырқаған Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртісі Дүйсен Кенжеев Қала күніне арналған мерекелік концертті түйіндеді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**








SARYARQA .info

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы**
**ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ**

**Мемлекет тарапынан әлеуметтік саладағы және экономиканы қолдауға бағытталған барлық міндеттемелер орындалатын болады. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлінуде.**

**Әлеуметтік төлемдерді индексациялау жұмысы жалғасын табады. Осы бағытта 2023 жылға дейін шамамен 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.**

**Қазір әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде. Сарапшылардың айтуынша, жаһандық экономиканы қайта қалпына келтіру үшін кемінде 5 жылға дейін уақыт қажет.**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ



Президент Қасым–Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауын үлкен үмітпен күттім. Жолдауды зер салып, мұқият тыңдадым. Маңызды құжат көңілімнен шықты.

Оның себеп-салдары бар. Әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан кешіруде. «COVID–19» індетінің алғашқы кезеңі қазақ мемлекеті, халқымыз үшін үлкен сынақ болды. Ұлтымызға қатер төнгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын қазақтың асыл қасиетіне, бірлігі мен берекесіне бәріміз куә болдық. Көптің ішінде әрқайсымыз аз ғана болсын үлес қосқанымызды мақтан етеміз, жіберген ағаттығымызға, бейқамдығымызға, біле тұра ескі сүрлеуден шыға алмағанымызға өкінеміз. Сондықтан да Президенттің әртараптандырылған және озық технологияға негізделген экономика құру, халқымыздың жаңа болмысын қалыптыру және тұтас ұлт сапасын арттыру жөніндегі қойған міндеттері дер кезінде көтерілген аса өзекті мәселе деп есептеймін. Еліміздің жаңа экономикалық бағдары басты жеті қағидатқа, тұтас ұлт сапасын жаңғыру алты қағидатқа негізделген. Бұл – әр қазақстандықтың іс-әрекеті, оның түпкі нәтижесі үшін жол көрсететін бағдар.

Президент Қ.Тоқаев күнделікті күйбең тірліктің тасасында қазақ елінің ертеңгі күні, келешегі қалып қоймауын ескертті. Осыған байланысты тікелей Президентке бағынышты Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, реформалар жөніндегі жоғары кеңес құрылатын болды.

Жолдауда моноқалалардың ахуалы да айтылды. Бұның біздің Жезқазған-Ұлытау өңірі үшін де үйреніп, үлгі аларлық маңызы бар. 2011–2013 жылдағы негізсіз қаланың келешегіне күдік туып, мыс қорыту зауытының жұмысы бірте-бірте тоқтатылып, мыстың өндіріс көлемі бірнеше есе төмендеп кетті. Қазірдің өзінде өндіріс жайы және қала тұрғындарының өмір сапасы мүмкіндігімізден қалып отырғанын білеміз. Академик Қ.Сәтбаев Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінін Пленумында (Лениншіл жас, 1959, 8 наурыз) оның (Жезқазғанның) кен қоры сарқылмастай бай деп мәлімдеме жасаған еді. Мұны соңғы геологиялық барлау жұмыстары дәлелдеп отыр. Мемлекетіміздің орталық органдары, «Қазақмыс» корпорациясы әртүрлі салада түпкілікті өнім шығаратын кәсіпорындардың жолын ашып, қаланы моноқала шекпенінен алып шығатын мезгіл баяғыда келген.

Бұл қадам Президент Қ.Тоқаев Жолдауында атап көрсеткендей, «азаматтардың жаңа ментальдігін қалыптапстырып, заман талабына бейімдеу үшін де маңызды». Бүгінгі жағдайдағы Қазақстанның жаңа іс–қимыл кезеңіндегі жезқазғандықтардың алатын асуының бірі – міне, осы.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ,**
**Жезқазған қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы**

# СЕССИЯ ШАҚЫРЫЛАДЫ

VI шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының кезектен тыс 53 сессиясы **2020 жылдың 18 қыркүйегінде әкімдік пен мәслихаттың Үлкен залында /10 қабат/ сағат 11.00-де** мына күн тәртібімен шақырылады:

1. Қала әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы жөнінде қалалық мәслихаттың депутаттары алдындағы есебі

2.Әр түрлі мәселелер

**Сессия төрағасы**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҮКІМЕТТЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



***Үкіметте Мемлекет басшысының биылғы Жолдауын іске асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы жарияланды.***

Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленовтың айтуынша жоба жаңа экономикалық бағдардың 7 негізгі қағидатына негізделген және 10 бағыт бойынша 143 іс-шарадан тұрады.

Бірінші бағыт – «Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі». Мемлекеттік жоспарлау жүйесін одан әрі жетілдіру жоспарланып отыр. Тиімді кадр саясаты мен шешімдер қабылдау жүйесі қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында 2021 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшу жүзеге асырылады, – деді ол.

Оның айтуынша экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту жөніндегі шаралар жалғасын табады. Барлығы 10 іс-шараны іске асыру жоспарлануда.

Екінші бағыт – «Жаңа жағдайдағы экономикалық даму». Бұл бағыттың негізгі басымдығы – өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және қазақстандық қамту үлесі ұлғайту. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Елдің көлік-транзит секторын белсенді дамыту жалғасады. Шағын және орта бизнесті, оның ішінде экономиканың зардап шеккен секторларын қолдау және дамыту жалғастырылады. Ақша-кредит саясаты маңызды ынталандырушы рөл атқарады. Салық міндеттемелерін орындауды оңайлату және көлеңкелі экономиканы азайту бойынша жұмыс жүргізіледі. Бұл бағытта барлығы 42 іс-шараны іске асыру жоспарлануда, – деді Руслан Дәленов.

### КОРОНАВИРУСКЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНА СЫНАҒЫНА 600-ден АСТАМ АДАМ ҚАТЫСПАҚ



***627 адам коронавирус инфекциясына қарсы «QazCovid-in» қазақстандық вакцинасының клиникалық сынақтанына қатысуға өтінім берді.***

Құжаттарды қабылдау осы жылдың 10 қыркүйегінде аяқталады. Бүгінгі күні 627 адам біз жасаған вакцинаны өздеріне салдыруға ниет білдірді. Бірінші кезеңде біз 44 адамды, екіншісінде 240 адамды іріктеуді жоспарлап отырмыз. Біз вакцина туралы жоғары хабардарлыққа, қазақстандықтардың жағымды мотивациясы мен патриотизміне қуаныштымыз. Мұндай сенім іс жүзіндегі қолдау ғана емес, сонымен қатар біз сияқты өндіруші үшін және бүкіл қазақстандық ғылымға үлкен моральдық қолдау болатыны анық. 627 адамның әрқайсысы, тіпті олар еріктілер қатарына кірмесе де, біз үшін батыр деуге болады. Біз оларға барлық қазақстандықтардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға қосқан жеке үлесі үшін өте ризамыз, – деді БҚПҒЗИ бас директоры Күнсұлу Зәкәрия.

Еске салсақ, Қазақстанда 2020 жылдың 23 наурызында COVlD-19-ға шалдыққан алғашқы пациенттен патологиялық материал алынып, бір аптадан кейін ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты SARS-CoV-2 вирусын бөліп шығарды.

2020 жылдың 9 мамырында COVlD-19-ға қарсы кандитат инактивтелген вакцина әзірлеу бойынша жұмыс аяқталып, оның хаттамасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына жіберілді.

15 мамырда ДДСҰ алдын ала тексеруден кейін оны клиникаға дейінгі сынаққа жіберілген кандиат вакциналар тізіміне қосып, вакцина және әзірлеуші туралы ақпаратты ресми сайтында орналастырды.

2020 жылдың 15 мамырында зертханалық тышқан, сириялық атжалман, теңіз шошқасы, күзен және үй қоянына кандидат вакцинаны клиникаға дейінгі сынақ басталды. Клиникаға дейінгі сынақ вакцинаның ДДСҰ регламенттеген барлық параметрлер, атап айтқанда уыттылығы, дерт туындатушылығы, аллергенділігі, иммуногендігі бойынша ДДСҰ талаптарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопиясына сай келетіндігін көрсетті.

2020 жылдың 26 шілдесінде вакцинаның 5 әзірлеушісі тірі вируспен жұмыс істеу барысында қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін ерікті түрде ванцинаны өздерінде сынады. Бірнеше тәулік өткеннен кейін олар өздерін жақсы сезініп, дене қызуы мен аллергиясы болмаған.

Отандық вакцинаның клиникаға дейінгі сынағы биылғы 20 тамызда аяқталып, нәтижесі ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне берілетіні бұған дейін мәлім етілген еді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен рұқсат алынғаннан кейін 2020 жылдың 20 қыркүйегінде Алматы қаласындағы клиниканың базасында COVID-19-ға антиденесі жоқ 44 еріктіге клиникалық сынақ (I фаза) басталатындығы күтіледі.

Сонымен қатар, қазақстандық вакцинаның сынағына қатысатын еріктілерге қандай талап қойылатындығы айтылды. Қыркүйекте 244 еріктіге қазақстандық вакцина салынбақ.

### ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ЛОКДАУН САҚТАЛАДЫ



***ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой аурудың таралуын болдырмау үшін бірқатар шектеу шарасы күшінде қалатынын жария етті.***

Бүгінгі таңда коронавирус инфекциясына қарсы күресте қоғамның рөлі өте маңызды. Алдын алу шаралары қаншалықты сақталса – жағдай соншалықты жеңіл болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы басшыларының пайымдауынша, мемлекеттердің үкіметтері белсенді түрде басшылық ету жауапкершілігін алып, ал халық шектеу шараларын сақтап, маска киіп, бұқаралық шараларға бармауы тиіс. ДСҰ бас директоры Тедрос Гебрейесустың ойынша, бұл – соңғы пандемия емес. Тарихтың өзі індеттің өршуі – өміріміздің бір бөлігі екенін ұқтырады. Швейцарияның федеративті қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Қазақстанды азаматтары келген кезінде карантин сақтауы тиіс мемлекеттердің тізімінен алып тастағанын атап өту керек, – деді Алексей Цой Үкімет отырысында.

Швейцарияға басқа мемлекеттерден келген азаматтар карантинге жатқызылады. Ондағы бұл тәртіп 7 қыркүйектен бастап күшіне енген. ҚР Денсаулық сақтау министрінің айтуынша бұл жағдай – Қазақстанның коронавируспен күресте дұрыс тактиканы таңдап алғанын көрсетеді.

Аурудың таралуын болдырмай, жағымды динамиканы сақтау үшін бірқатар шектеу шарасы мен демалыс күндердегі локдаундар күшінде қалады, – деді ол.

## ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫ

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

***Сәрсенбінің сәтінде қала әкімі Қайрат Әбсаттаров тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.***

Алғашқы болып әкім қабылдауына жазылған Қабанбай батыр елді мекенінің тұрғыны Мария Дутка көптен бері шешімін таппаған ауыз су мәселесін сөз етті. Елді мекенде судың қысымы әлсіз әрі қыс айларында тоқтап қалады екен. Сондай-ақ ол ауыл ішіндегі пайдалануға енді берілген жолды қиыршықтас тасыған жүк көліктер бүлдіруге жақын деп дабыл қақты. Аталған мәселелер қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапановтың бақылауына алынды.

Қала әкімінен көмек күткен жандардың бірі – 83 жастағы құрметті металлург Тағанбай Салқауов. 10 баланы бағып-қағып өсірген қарт металлургтің үйі өртеніп кеткен. Бүгінде апамызбен бірге бір туысының үйінде тұрып жатқан ол немерелерін бір шаңырақтың астына жинасам деп армандайды. Денсаулығы сыр бере бастаған қарияның өтініші «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС басшылығына жеткізілетін болды.

Мұса Жәлел көшесіндегі 11-үйдің тұрғындарын алаңдатқан мәселе – балалар ойнайтын алаңның жанына «Uly Dala» минимаркетінің салынуы. «Бізге дүкен емес, жөні дұрыс балалар алаңы керек» деген тұрғындар балаларының қауіпсіздігіне алаңдайтындарын жеткізді. Олар 70 азамат қарсы болып, қол қойған өтініштерін де қоса алып келіпті.

«Uly Dala» гипермаркетіне қала ішінен 10 минимаркет құрылысы үшін жер берілгенін айтқан қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт Смайловқа әкім Жезқазғанда онсыз да дүкендер аз емесін ескертіп, тұрғындар тілегі орынды екеніне назар аудартты.




Бекболатсай елді мекенінен келген Мұрат Қиякбаев шошқа асырайтын көршілерінің үсітінен шағым айтты. Мүңкіген иістен дем алу қиындағанын жеткізген көршілер қауымы шошқа өсіріп, оның етін сатумен айналысатын көршісі ешқандай санитарлық норманы сақтамайтынына ашынды. Бұл мәселе бойынша сараптама жүргізетінін айтқан ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінің мамандары жақын арада мәселені шешуге уәде етті.

Кездесуге келіп, үй кезегі кері жылжығанын жеткізген жалғызбасты ананың да мәселесі бойынша түсініктеме берілді.

Биыл Жезқазған көлік және бизнес колледжін бітіретін тұңғышы оқытушылардың қыспағы салдарынан дипломын ала алмай жүргенін айтқан ананың да мәселесі күн тәртібіне алынды.

«Спутник» саяжайына баратын автобустың қозғалысын 30 қазанға дейін ұзартуды сұраған тұрғындарға Қайрат Бектайұлы аталған ұсыныс бойынша жұмыс жоспары жасалып, жауапты мамандардан нақты жауап болатынына сендірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**





# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚЫСҚАРТУ ЖАЛАҚЫ ӨСІРУГЕ НЕГІЗ БОЛАДЫ

***Президент тапсырмасына сәйкес 2021 жылдан бастап шенеуніктер мен мемлекеттік қызметшілерді кезең-кезеңімен қысқарту жұмысы қолға алынады. Осы орайда жұмыссыздық мәселесі туындауы мүмкін бе деген сұраққа ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры, профессор Еркін Дүсіпов жауап берді.***

Мемлекеттік қызметшілерді қысқарту жаппай жұмыссыздыққа алып келеді деп айта алмаймын. Себебі бұл саясатты баяғыдан жүргізіп келе жатырмыз. Бүгінде елімізде 90 мыңнан астам мемлекеттік қызметші бар. Қысқартқан жағдайда біз бірден жұмыстан шық демейміз, барлығы заң аясында жүзеге асырылады. Қысқартуға ұшыраған маманға мемлекеттік емес немесе квазимемлекеттік ұйымдардан жұмыс табылуы мүмкін. Жалпы мемлекеттік басқару саласында осы секілді реформалар жүргізу ол заман талабы және президент тапсырмасы, – деді Еркін Дүсіпов елордадағы «ANTIKOR ORTALYGY-нда» өткен тікелей эфир барысында.

Спикердің айтуынша, мемлекеттік қызметшілерді қысқарту жұмысы пилоттық жоба ретінде еліміздің бірнеше өңірі мен органдарында іске асырылуда.

Мемлекеттік қызметшілердің санын азайту пилоттық жоба ретінде Нұр-Сұлтан, Алматы қаласы және Маңғыстау облысы әкімдігінде жүргізілуде. Одан бөлек, Әділет министрлігі және бұрынғы Мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік бір орган болып тұрған кезде іске асырылды. Қазіргі уақытта барлық саны 8 мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшінің санын азайту жобасы атқарылуда, – деді ол.

Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында мемлекеттік аппарат пен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерін қысқартуды жеделдетуді тапсырған болатын.

Сондай-ақ, Президент мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы келер жылдың шілдесінен бастап факторлық-балдық шкала бойынша төленетінін айтқан еді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агентігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы Нұргүл Жаннаназарова осы бастаманың жай-жапсарын түсіндірді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында жалақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуді тапсырды. Осылайша, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі мен мотивациясы нығайтылмақ. Екі жылдан бері Маңғыстау облысында пилоттық жоба ретінде жүзеге асып келе жатқан осындай жүйе тиімділігін көрсетті. Факторлық-балдық шкала бойынша еңбекақы мемлекеттік қызметкердің жұмысының көлемі мен қиындығына байланысты төленеді. Оның дәстүрлі жалақы төлеуден артықшылығы да осында.



Факторлық-балдық шкаланың енгізілуі әсіресе орталық атқарушы органдар мен жергілікті әкімдіктегі қызметшілер арасындағы жалақы айырмашылығын 70 пайыздан 20 пайызға дейін қысқартты. Осы факторлық-балдық шкала енгізілгелі бері Маңғыстау өңірінде мемлекеттік қызметтің имиджі артты деп айтуға болады. Оған нақты дәлелдеріміз де бар. Бұрын бір орынға өте аз үміткер болатын, қазіргі күні орташа алғанда 2,5-3 адамдай болып тұр, – деді Нұргүл Жанназарова.

Өңірде мемлекеттік қызметтен кететіндердің саны 4 есеге азайған. Бұрынғы уақытта жергілікті әкімдіктерден өз еркімен кететіндер саны 7,5 пайыз болса, бүгінде бұл қызметке деген қызығушылық артқан. Ауыл әкімдіктерінде де маман тапшылығы жойылды. Мәселен, 2017 жылы 28 бос орын болған, ал биыл 2-ақ орын бос тұр. Сонымен қатар жеке сектордан мемлекеттік қызметке ауысушылар да көбейген. 2 жыл ішінде 1200 қызметкер жаңа жүйемен жалақы алған. Ал келер жылы 1 шілдеден бастап олардың қатары 1500-ге артпақ.

## БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ДЕПУТАТ: САНИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТЫЙЫМ САЛУДЫ ҒАНА БІЛЕДІ




***Сәрсенбі күні Мәжілісте депутат Ирина Смирнова Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерін сынға алды. Ол мектеп оқушыларына дәстүрлі білім беруді қайтаруды талап етті. Ирина Смирнова Германия, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Қытайдың оқушылары мектепте оқып жатқанда Қазақстанның қашықтан оқуды таңдағанына қынжылысын білдірді.***

Санитарлық қызметтер қашықтан оқытудың тиімділігін нақты түсіндіре алмай отыр. Олар көбінесе мәжбүрлеу, тыйым салу мен жазалау форматында жұмыс істейді. Өздерін ғана ойлайды, салдары тиіп кете ме деп қорғанады. Санитарлық қызметтер жауапкершіліктен де қашады. Оларға қандай да бір жағдайда нақты эпидемиологиялық шараларды қолға алудың орнына бәрін жауып тастаған тиімді. Осы ұстанымның кесірінен бизнес шығынға ұшырап, жұмыс орындары жабылып жатыр, – дейді депутат.

Оның айтуынша, коммунист депутаттар қазіргі қағидаттарды өзгертіп, қашықтан білім беруді дәстүрлі және аралас режимге ауыстыруды талап етеді. – Білім және ғылым министрлігі оқушыларға білім алуға тең жағдай жасауы тиіс. Әрбір білім беру ұйымына мемлекеттік стандартты орындау еркіндігін қамтамасыз ету керек. Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынымдарының тыйым салулар мен ережелер тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар шұғыл сын-қатерлерге жергілікті, мақсатты, уақтылы және кешенді жауап беру бойынша тиісті ұсынымдардың орындалуын қамтамасыз етуі қажет, – деді Ирина Смирнова.

Депутаттың сынына Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова жауап берді.

Бүгінгі күні барлық оқушы оқу процесіне кірісті. Мектеп оқушыларының 73 пайызы қашықтан оқып жатыр. Штаттық режимде оқып жатқан 3000-ға жуық мектеп бар. Бұл Қазақстандағы 7 000 мектептің 43 пайызын құрайды. Мектептерде 1-4 сыныптар және мектепалды сыныптарда кезекші сыныптар жұмыстарын бастады. Оларда 547 мыңнан аса оқушы оқып жатыр. Осы жерде айта кететіні, 60 пайызға жуығы бірінші сынып оқушылары. Сондықтан «оқу жылының ұйымдаспаған түрде басталуына байланысты» ақпарат шындыққа жанаспайды. Бүгінгі күні 500 мыңнан астам мұғалім барлық білім мекемесінде сабақтарын беріп жатыр. Олардың еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Министрлік бұған дейінгі уақытта да ұстаздарға алғысын айтып келді. Қазіргі қиын жағдайда әр түрлі форматта жұмыс істеп жатқан мұғалімдерге министрлік тарапынан алғысымды айтамын, – деді Шолпан Каринова.

Оның айтуынша, министрлік депутаттар мен әлеуметтік желідегі ата-аналардың шағымдарына жеке-жеке жауап беріп, мәселелерін шешуге тырысып-ақ отыр.

Жаңа оқу жылының тоғызыншы күніне келіп жеттік. Бір күннің ішінде 2 миллионнан астам сабақтың берілгенін көріп отырмыз. Әрине, қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша да, штаттық режим бойынша да бірқатар жұмыс атқарылды. Бұл жерде санитарлық талаптарды сақтауға байланысты және компьютерді қажет ететін оқушылар қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар істелінді. Бүгінгі күнге дейін 435 мың оқушы компьютермен қамтамасыз етілді. Әрине, қашықтан оқыту кезінде проблемалардың бар екенін білеміз. Осы мәселелер бойынша Білім және ғылым министрлігі білім мекемелерімен бірлесіп біраз жұмыс атқарып жатыр. Әлеуметтік желілердегі ата-аналардың, Мәжілістегі депутаттардың да жанайқайын естіп, көріп отырмыз. Әрқайсысына жеке жауап беріп, шешу сұрақтарымен айналысып жатырмыз. Бір күннің ішіндегі өткізілген 2 миллион сабақтың бір-екеуі сәтсіз болғаны «ZOOM» қосымшасына байланысты, – дейді вице-министр.

Вице-министр сонымен бірге, мектептердің қашан толықтай дәстүрлі оқу жүйесіне оралатынына қатысты да пікір білдірді.

Мектептердің жұмысын қалпына келтіру бізді де алаңдатады. Бұл жағдайға мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар, бәрі алаңдап отыр. Біз мектептердің ашылуын қалаймыз. Өз ұсыныстарымызды Денсаулық сақтау министрлігіне ұсындық. Мектептер жұмысын қалпына келтіру форматының бірнеше нұсқасы бар, – деді Ш. Каринова брифингіде.

Оның айтуынша, ең қолайлы формат елдің бас санитарлық дәрігерінің тиісті шешімінен кейін ұсынылатын болады.

Әрине, еліміздің өзге азаматтары секілді осы қаулыны басшылыққа аламыз. Сонымен қатар, жұмыс тобында Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдерімен бірге күн сайын барлық мәселелерді пысықтаймыз. Қашықтан оқыту – бұл мәжбүрлі оқыту форматы екенін тағы бір рет атап өткім келеді. Алдағы уақытта білім беру ұйымдарымыздың жұмысын әдеттегідей жалғастыруға тырысамыз, – дейді вице-министр.

Ол балаларды мектепке қайтару Қазақстанның бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің тиісті рұқсатынан кейін ғана мүмкін болатындығын баса айтты.

Шынын айту керек, Білім және ғылым министрлігі де ата-аналар секілді дәстүрлі оқу жұмысын қалпына келтіргісі келеді. Біз бірнеше нұсқаны ұсындық. Әр аймақта жағдай әртүрлі. Біз мектептерді әкімдіктердің шешімімен, аумақтық санитарлық инспекторлардың келісімі бойынша ашуды ұсындық. Бұл – ең дұрыс тәсіл. Сонымен қатар, мектептерді қайта ашу бойынша шараларды да ұсындық, бірақ қазір мен оларды айтпаймын. Біз балаларымыздың денсаулығы үшін алаңдауымыз керек. Сондықтан біз сіздерге қосымша хабарлаймыз, – деді Каринова.

**«Saryarqa-ақпарат»**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы 2020
Послание Президента Республики Казахстан

# ЖАҢА ЖОБАЛАР – ДАМУ КЕПІЛІ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен өткен қала активі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылап, онда жүктелген міндеттерді орындаудың нақты шараларын белгіледі.***

Қазақстандықтардың өмір сүру сапасының артуы, әл-ауқатының жақсаруы ел экономикасының одан әрі дамып, нығаюына тікелей байланысты. Сондықтан ел Президенті Жолдауында өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау мәселелерін алдыңғы қатарға шығарды. Аталған салалар бойынша берілген тапсырмалардың қалай жүзеге асатыны жөнінде қала басшысының бірінші орынбасары Аманғали Мұхамбединнің баяндамасынан білдік.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің жаңа экономикалық бағдарының басты жеті қағидатын айқындап берді. Олар: игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі, жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі, әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу, өнімділікті көбейту, экономиканың ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру, адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту, «Жасыл» экономиканы дамыту, қоршаған ортаны қорғау, мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу. Қазіргі таңда біздің алдымыздағы басты міндет –өндірістік әлеуетімізді толық пайдалану. Қала экономикасын құруда өңдеу өнеркәсібінің үлесі басым, нақтырақ айтқанда 84%. Жезқазғанның өнеркәсіптік әлеуетін экономиканың өңдеуші секторының ірі, орта және шағын кәсіпорындары айқындайды, ол өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінің 92,6%-ын құрайды. Үлес салмағы 87% -дан асатын металлургия кешені өнеркәсіптің маңызды саласы болып отыр. Жыл басынан бері өнеркәсіп өндірісінің көлемі 336,7 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1 есеге өсті, – деп сөзін жалғаған қала әкімінің орынбасары инвестиция көлемі 1,4 есеге артып, 16,7 млрд теңгені құрағанын және жеке инвестициялардың үлесі 24%-ға өскенін жеткізді.

Бүгінде Жезқазғанда екі жүзден астам инвестициялық жоба жүзеге асуда. Бұл қала экономикасына шамамен 200 млрд теңге тартуға және 3,5 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Оның ішінде 7 млрд теңгеге жуық инвестиция салынған 9 жоба кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында іске қосылды. Аталған жобалар 2 млрд теңгеге өнім өндірді, 652 жаңа жұмыс орны құрып, мемлекеттік бюджетке 300 млн теңгеден астам салық түсірді. Алдағы үш жылда іске қосылатын тағы сегіз жаңа жобаның (биоэлектрстанцияның, гидрометаллургиялық зауыттың, реагент өндіретін «Казхимсинтез» химиялық зауыттың, «С и Жест» құрылыс материалдар зауытының құрылысы, құс етін өндіру, «Хлебопродукты» ұн тарту кешенін қалыпқа келтіру, «Самади 2030» ұн тарту кешенін іске қосу, Жезді су қоймасын қайта жаңарту) арқасында бұл көрсеткіштер еселенбек. Жоспарланған осы жобалар іске асқан жағдайда қала экономикасы 20%-ға өсіп, 600-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылмақ. Сонымен бірге, 18 млрд теңгеге дейін инвестиция тартып, бюджетке түсетін түсімдерді 300 млн теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жолдауда ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігі айтылғаны белгілі. Бұл саланың бүгінгі ахуалы мен шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелерін тізбектеген Аманғали Әбдіхалықұлы қала тұрғындарын жергілікті көкөніспен қамту көрсеткішін арттыру «Талап суару жүйесінің магистральды каналы мен Жезді су қоймасын қайта жаңарту» инвестициялық жобасын іске асырғанда және Кеңгір селосының аумағынан картоп егуге 140 гектар жер алған «Жез Агро» ЖШС суару мәселесін шешкенде мүмкін болатынын алға тартты. Сонымен қатар, ол шағын және орта бизнес пен шаруа қожалықтарын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау тапқан кәсіпкерліктер мен пандемияға байланысты енгізілген төтенше жағдай 400 аса кәсіпкердің жұмысын тоқтатқанын жеткізді. Кәсіпкерлікті құлдыратып алмау мақсатында қаланың 5 мыңнан астам кәсіпкеріне салықтық жеңілдіктер берілді. 90 кәсіпкер төлемдерді кейінге қалдырды және жеңілдетілген шарттармен несиелерді қайта қаржыландыру мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ ТЖ режимі жарияланған сәттен бастап 69 жезқазғандық кәсіпкерге мемлекеттік органдарға тиесілі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша жалдау ақысын есептеу тоқтатылған.

Келесі болып мінберге шыққан қала әкімінің шаруашылық мәселелері жөніндегі орынбасары Қайрат Бапанов бүгінгі күннің өзекті мәселелері халықты тұрғын үймен, сапалы сумен, жылумен және газбен қамтамасыз ету, облыстық, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын пайдалануға беру жөнінде баяндама жасады. Жезқазған қаласының тұрғын үй қорында жалпы ауданы 1 557,4 мың шаршы метр 652 көп пәтерлі тұрғын үй бар. Техникалық зерттеулердің деректері бойынша 2009-2020 жылдар аралығында 26 тұрғын үй апатты деп танылды, оның 9-ы күрделі жөндеуді, 17-і бұзуды қажет етеді. Мәселені шешу үшін әкімдік үш жыл ішінде апатты үйлердің тұрғындарын көшіру бойынша жоспар әзірледі. Осы мақсатқа 1,3 млрд теңге жұмсалмақшы. Биыл Абай көшесі № 61, 67, Байқоңыров көшесі № 24, 38, Сейфуллин көшесі 4 (2-кіреберіс), Шевченко көшесі № 7, 9, 13, 17 үйлердің тұрғындарына өтемақы тағайындау басталды.

Қызылорда-Жезқазған, Жезқазған-Қарағанды, Жезқазған-Арқалық бағытындағы тасжолдарды жөндеу жұмыстары да күн тәртібінен түспейтінін айтқан баяндамашы қазанның соңына дейін Бөгенбай батыр елді-мекеніне газ тарту жұмыстары аяқталатынын жеткізді. Келесі кезекте Қабанбай батыр, Бекболатсай мен Қостанкелді елді-мекендері газдандырылады.

Президент Жолдауында әлеуметтік салаға қатысты қаузалған міндеттерге тоқталған қала әкімінің әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары Зина Ақылбекова білім беру, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру бағытында жасалып жатқан жұмыстарға шолу жасады. Қарағанды облысы әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС арасындағы меморандумға сәйкес 2021-2023 жылдар аралығында Жезқазғанда 4 балабақша бой көтермек. Нәтижесінде біздегі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші 100 пайызға жетпек. Қалаға ауадай қажет медицина қызметкерлерін тарту мәселесіне де баса назар аударылған екен. «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС көмегімен дәрігерлерге 20 пәтер алу қарастырылуда. Осылайша, 2021 жылы кадр тапшылығы мәселесі түбегейлі шешіледі деп күтілуде.

Актив жиналысында сөз алған қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев Мемлекет басшысының саясатын қолдауда, Жолдау жүктеген міндеттерді жүзеге асыруда мәслихат депутаттары қалыс қалмайтынын жеткізсе, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау-кен байыту кешенінің бас директоры Амангелді Мініғұлов мемлекет тарапынан өндіріс саласына қомақты қолдау барын алға тартты. Қолдауды сезінген алып кәсіпорын басшысы халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға үлес қосуға дайын екенін білдірді. Әлем елдерін есеңгіреткен коронавирус инфекциясымен күресте белсенділік танытып, Қарағанды облысының медициналық мекемелерін 1000 оттегі концентраторы мен 10 өкпені жасанды желдеткіш апаратымен қамтамасыз еткен компания қашықтан оқуға көшкен жағдай жоқ оқушыларға ноутбукпен қаматамасыз етуге үлес қосты. Сонымен бірге, әлеуметтік жағынан аз қорғалған өз жұмыскерлеріне баспана беру мәселесін өткен жылдан бері қолға алды. Пандемия кезінде жұмыскерлеріне 100 мың теңгеден біржолғы сыйақы берген кәсіпорын табысы отбасы мүшелеріне шаққанда 53 мың теңгеге жетпесе, атаулы көмек тағайындауды жоспарлапты.

Актив отырысында сөз алған қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов Президент Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытып, азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне кеңінен қатысуына жол ашатын бастамалар айтылғанына тоқталып, бұл ретте қоғамдық кеңестерге мол мүмкіндіктер берілетінін жеткізді.

Жиын соңында Жезқазған қаласының әкімі Мемлекет басшысының Жолдауында көрініс тапқан әр тапсырманы нәтижелі орындау мақсатында орынбасарлары мен мекеме, ұйым басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.







**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖАҢА ЖҮЙЕ

# ПИК-тің ОРНЫН МИБ БАСАДЫ

## *одан не өзгереді?*

***Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес пәтерлер мен үй-жайлардың иелері кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысаны мүліктің меншік иелері бірлестігін таңдауға міндетті.***

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған пәтер иелері кооперативі өз қызметін 2022 жылдың 1 шілдесінде тоқтатады. Осы ретте көп пәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары қазірден бастап басқарудың түрін нақты анықтауы қажет. ПИК ұзақ уақыт жұмыс істеп жатқанына, оның қызметкерлері өзіне тиесілі тұрғын үйдің мәселелерінен, инженерлік жүйелерінің жағдайынан хабардар болғанына қарамастан, тұрғындар тарапынан сын көп айтылып, шағым көп түсіп жүр. ПИК қызметіне көңілі толмайтың тұрғындар көбінесе кіреберістер мен аулалардағы тазалық мәселесін көтереді, сондай-ақ жөндеу жұмыстары жүргізілмейді, үйді күтіп-ұстауға мән берілмейді деп дабыл қағады. Сондықтан кондоминиум объектісін басқарудағы өзгерістер үй тұрғындарының нақты қажеттілігі туындап отыр.

**Мүліктің меншік иелері бірлестігі дегеніміз не және оны қалай таңдау қажет?** Негізгі ережелерді түсіндіру және басқару нысанын таңдау үшін пәтерлер мен көп пәтерлі үйлердегі меншік иелерінің жиналыстары өткізіледі.

Алдымен 3 жыл мерзімге кемінде үш адамнан тұратын үй кеңесін сайлап алу қажет. Үй кеңесі пәтер иелерінің мүдделерін білдіреді, әр үйде белсенді тұрғындар, көбінесе зейнеткерлер, қарт адамдар, үйдің жағдайына бей-жай қарамайтын жастар бар. Әрі қарай олар тұрғын үйді МИБ немесе жеке серіктестіктің басқаруына беруін шешеді. МИБ заңды тұлға болып табылады. Оның Жарғысы болады. Мұнда пәтер мен үй-жайлардың иелерінің мүддесін сенімхатсыз қорғайтын төрағаны таңдау қажет. Жеке серіктестік заңды тұлға болып табылмайды, мұнда да тұрғындар сенімді тұлғаны таңдауы шарт.



Жаңадан енгізілгелі тұрған МИБ пен жеке серіктестіктің ПИК-тен айырмасы – әр үйге екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы және жинақ шотының ашылуы. Тұрғындар жарналардың олардың үйінің ортақ мүлкіне қызмет көрсетуге жұмсалатынына сенімді бола алады.

Жеке серіктестікті таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару және ортақ мүлікті күтіп-ұстау үшін меншік иелері ақшалай жарналардың орнына еңбек салымдары арқылы қатыса алады. Сондай-ақ пәтерлер мен үй-жайлардың иелері қызметтердің тарифтерін есептеуі керек. Бүгінгі таңда ПИК-тегі қолданыстағы тарифтер – 1 шаршы метр үшін 21-ден 24 теңгеге дейін. Тарифтерді есептеу уақытында көп пәтерлі үйді күтіп ұстау кезінде қандай шығындар болатындығын нақты ескеру қажет, жарналарды бөлу қағидаты сақталды. 25% кондомниум объектісін басқаруға, 5% – кеңсе тауарларына және 70% – үйдің өзін ұстауға . Үй кеңесі ай сайын басқарушыдан есеп алып, қаражаттың жұмсалуын бақылайды. Күрделі жөндеу жүргізу үшін пәтер иелері пайдалы алаңның 1 шаршы метріне кемінде 0,005 еселенген АЕК мөлшерінде қаражат жинақтауға міндетті .

МИБ төрағасы сервистік компаниямен тікелей келісімшарттар жасасады және олардың орындалуын талап етеді. Келісімшартта атқарылуы тиіс қажетті жұмыстар көрсетіледі, үйді күтіп-ұстау, оның ішінде аумақты жинауды сервистік компания жүзеге асырады. Жезқазған қаласында бүгінгі күні кондоминиум нысандарына қызмет көрсететін сервистік ұйымдар жұмыс істейді. Мысалы, «Горэлектросеть» АҚ, «Данилов» ЖК, «TOLEU GENERATIO» ЖШС, «ММ Company Ais» ЖШС, «Қайсар» ЖШС және т.б. Тұрғындар әлеуметтік желілердегі жарнамаларды қолданатын сервистік компанияларды таңдай алады немесе ПИК-тен толық ақпарат ала алады.

Көпқабатты үйлердің тұрғындары ПИК-тің жарамдылық мерзімі 2022 жылға дейін шектеулі екенін түсінуі керек және олар басқару нысаны – мүліктің меншік иелері бірлестігін немесе жай серіктестікті таңдауы керек.

Қалада Мир даңғылы, №№ 12, 14, 16, 18, Штифанов көшесі №21 үйлерде пәтер иелерімен тұрғын үй инспекциясы қызметкерлері және «Әділет-Жер» ПИК төрағасы Е. Н. Ковалевпен бірге кондоминиум нысанын басқару түрін таңдау жөнінде түсіндіру жиналыс өтті. Пәтер иелері арасында шағын 8 немесе 12 пәтерлі үйлердің қалай басқарылатыны туралы көптеген сұрақтар туындады, өйткені банктердегі ағымдағы және жинақ шоттарын ұстау қосымша шығындарды талап етеді. Ертеректе ПИК тұрғындардан жиналған қаржыны өзіне тиесілі өзге де тұрғын үйге жұмсаса, ММИБ мен жеке серіктестік кезінде бір үйден жиналған қаржы сол үйге ғана жұмсалатын болады.

Кондоминиум объектісін басқарудың жаңа түрлерін түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасатын болады.

Жезқазған қаласында түсіндіру жұмысы енді басталды. Алдағы уақытта 300 көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарымен кездесу өткізу жоспарланып отыр. Қала тұрғындары осы тақырыпқа қатысты сұрақтарына «Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ әлеуметтік желілердегі парақшалары мен **735613** телефоны арқылы жауап ала алады.

**Алиса САҒЫМБАЕВА,**
**«Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАСЫ: НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

***Зейнеткерлік – бұл өмірдің жаңа кезеңі, демалуға, өмір жолын білуге және жаңа нәрселерді жоспарлауға болатын таңғажайып уақыт. Біздің бар өміріміз балалық, жасөспірімдік шақ, жастық шақ сияқты белгілі уақыт аралықтарына бөлінеді. Содан кейін зейнетақы төлемін тағайындау үшін құжаттарды дайындауды қажетететін зейнетжасы да келеді.***

2013 жылдың 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасындағы зейнетақы мен қамтамасыз ету туралы» Заңының (одан әрі – Заң) 11-бабының 1-тармағына сәйкес жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындау:

2001 жылғы 1 шілдеден бастап ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі.

Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

2020 жылдың қаңтарынан бастап әйелдер үшін зейнет жасы 59 жас 6 айды құрайды.

Осы жасқа толған әйелдер зейнетақы төлемін ресімдеуге 2020 жылы кірісуі қажет, себебі 2021 жылы әйелдерге тек 60 жасқа толғаннан кейін тағайындауға жүгінуге құқығы барын ескертеміз. Мысалы, 01.03.1961 жылы туған әйелге 01.09.2020 жылдан бастап 31.12.2020 жылға дейінгі кезеңде жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындау үшін жүгінбесе, зейнетке 2021 жылы 60 жасқа толғаннан кейін, яғни 01.03.2021 жылдан бастап шығады.

Жеңілдік жағдайында зейнетке шығуға құқылы:

Заңның 11-бап 2-тармағына сәйкес:

Төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз - 1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың «Семей ядролық сынақполигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) ерлер – 50 жасқа толғанда;

2) әйелдер 45 жасқа толғанда зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар.

Заңның 1-бап 3 тармағына сәйкес:

5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Сіз Әлеуметтік-еңбек саласындағы ақпараттық-кеңес қызметтерді көрсету бойынша басқармаға (Байланыс-орталығы) қалалық және мобильді телефон арқылы күнделікті сағат 09.00-дан 20.00-ге дейін **1411** бірыңғай қысқа нөмеріне хабарласып, төмендегі сұрақтар бойынша жүгіне аласыз:

– зейнетақы мен жәрдемақы рәсімдеу;
– әлеуметтік көмек және әлеуметтік сақтандыру;
– еңбек қатынастары
– халықты жұмыспен қамту;
– мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдарға онлайн-психологиялық консультация беруге өтінімдер қабылдау мәселелері.

Бұдан басқа, Байланыс-орталығына **www.info.mintrud.kz** электронды пошта арқылы және **www.info.mintrud.kz web**-портал арқылы жүгінуге болады.

Сондай-ақ сіз (Бірыңғай байланыс орталығына) күн сайын сағат 10.00-нан 20.00-ге дейін **1414** бірыңғай қысқа нөмеріне қалалық және ұялы телефондардан (барлық ұялы байланыс операторларынан) тегін қоңырау шала аласыз, сондай-ақ шетелдік қоңыраулардан +77172 – 701-998 қоңырау ақылы, сонымен қатар сіз **www.1414.kz** сөйлесу бөлмесінде хабарлама қалдыра аласыз немесе электронды пошта s**upport@pki.gov.kz, sd@nitec.kz, crm@nitec.kz** (support@pki.gov.kz, sd@nitec.kz, crm@nitec.kz) арқылы жүгінуге болады.

**«Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі**

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

***Соңғы кездері көптің көңілін көншітпей жүрген тазалық мәселесі – қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың қатаң бақылауында. Өткен аптада әкімдікте қаланың барлық мекеме, кәсіпорын басшыларының қатысуымен осы мәселеге арналған жиын өтті.***

# ЖАҒАЛАУДЫ ТАЗА ҰСТАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Алдымен Кеңгір су қоймасы жағалауының жағдайына тоқталған Қайрат Бектайұлы қала шаруашылығына жауапты орынбасары Қайрат Бапановқа сөз кезегін ұсынды.

– Кеңгір жағасын тазалау жұмыстары жыл сайын көктем келісімен қызу түрде басталып кететін. Биыл ел ішін жайлаған ауыр індет пен карантинге байланысты бұл жұмыстар тоқтатылды. Соның салдарынан қала тазалығы төмендеп кетті. Оған қоса жаз айларында Кеңгір маңына жиналған демалушылардың да жауапкершіліксіздігінен жағалау қоқыс астында қалды, – деп түсіндірді ол осынау тәртіпсіздікті.

– Қала – барлығымыздың ортақ үйіміз. Өндірісті өлкеде тазалықтың ақсап тұрғаны ұят-ақ. Бұл туралы қала азаматтары да әлеуметтік желілерде жарыса жазуда. Мен алдағы уақытта осынау олқылықтың орнын толтырып, қала ішін ретке келтіруге тырысамын. Сол жолда сіздердің қолдауларыңызды да күтемін, – деген қала әкімі мекеме басшыларынан қызметкерлерінің сенбіліктерге белсене қатысып, қала көркін дұрыстауға үлестерін қосуды талап етті.

Артынша қала басшысы Қайрат Әбсаттаров «Кеңгірге – баршамыздың және әрқайсысымыздың қамқорлығымыз» атты жобасын жариялап, Кеңгір жағалауын қаладағы мекеме, кәсіпорындарға бекітіп беру туралы өкім шығарғанын, су қоймасының айналасын жөнге келтіру түрлі ұжымдардың, еріктілердің көмегімен жүзеге асатынын хабарлады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕСЕПТЕГІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЕСКІ МӘСЕЛЕСІ

## *коммуналдық саладағы жаңа текетіреске негіз болуда*

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров жергілікті ПИК төрағаларымен кездесті. Жиында қозғалған алғашқы мәселе – көп қабатты тұрғын үйлер ауласының тазалығы. «Подъезд жиналмайтын болды» деп шағымданған тұрғындар қарасы өте көп екенін айтқан қала әкімін ПИК төрағалары тазалық жұмыстары уақытымен жүргізілетініне сендірді.***

Қала тазалығы – тұрғындар мәдениетінің көрінісі. Осы тұста қала азаматтары тарапынан да орын алып жатқан қателіктер баршылық. Күн ұясына батып, қараңғы түсісімен тұрмыс қалдықтарына жатпайтын үлкен көлемді қоқыстарды үйіп тастап кететіндер жетерлік. Соның бір дәлелі – бүгінге дейін осы мәселе бойынша тәртіп сақшылары 76 хаттама толтырып, тұрғындарға айыппұл тағайындаған. Мәселе айыппұлмен шешілмейтініне назар аудартқан Қайрат Бектайұлы кешенді шараларды қолға алуды тапсырды.



Жиын барысында қаладағы қоқыс жәшіктерінің сұрықсыз кейпі де сөз болды. Олардың сапасыз, жұқа металл материалдардан жасалғанын айтқан ПИК төрағалары үлкен қалалардағыдай сапалы, дөңгелегі бар қоқыс жәшігін орнатса деген ұсыныстарын ортаға салды.

Қала әкімімен талқыланған мәселенің бірі – көптен шешімін таппай келе жатқан есептегіш құралдары.

– Кезінде «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ ПИК иелеріне су тұтыну көлемін есептейтін есептегіш құралдарын үйлерге орнатуды талап етті. Нарықта 300 000 теңгедей тұратын құрылғыны үй тұрғындарына 4-5 есе артық бағамен сатты. Бағасы толық төленісімен есептегіштерді қарау жауапкершілігін ПИК-ке ысыра салмақшы. Біз бұған келісе алмаймыз. Бүгінде есептегіштердің сау тамтығы қалмаған, – деген Валерий Фомин мәселені заңды жолмен шешуді ұсынды. ЖСЖК-ден тұрғындардан алған қаржыны толық қайтаруын талап еткен ПИК төрағасы аталған қаржыға жаңа, іске жарамды есептегіш құралын алатындықтарын жеткізді.

Биыл пандемияға байланысты жылу беру маусымы қазанның 10-ынан басталатынын жеткізген қала әкімі жоғарыда қозғалған мәселелер бойынша алдағы уақытта да бірнеше кездесу ұйымдастырылатынын айтты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында экономикалық және әлеуметтік мәселелерге басымдық берді. «Барлық бағыттар – ел тағдыры үшін маңызды» дей келе, білім берудегі сұрақтарға да мән берген. Елімізде қордаланған мән-жайттарды атап өтті.*

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Қашықтан оқыту жағдайында әлі де болса нақты платформалардың іске қосылмай отырғанын қадап айтты. Әлеуметтік салада Мемлекет басшысы отандық білім мен ғылымның мәселелерін шешуге қатысты пікірін білдірді. Президенттің білім сапасын жаңғыртудың түйткілді мәселелері мен келешегін талқылауы білім мен ғылымның мәселелерін шешуге бей-жай қарамайтынын байқатты. Соның ішінде мұғалім мәртебесін арттыруға бағытталған шаралар туралы да айтып өтті. Мұғалімнің жалақысын көтеру – ел ұстаздарына деген құрмет. Бұл қолдау ұстаздардың қазіргі жағдайда цифрлық ресурстарды қолдануға тез бейімделіп, өзін-өзі дамытуға, алға жылжуға көп септігін тигізеді. Бүгін заманауи құрылғыларды жете меңгеру – педагогтардың басты міндеті болып отыр. Сондықтан, Президенттің бұл бағыттағы тапсырмасы ұстаздарымызға үлкен сенім, жауапкершілік артады. Ұстаз еңбегі шәкіртінің білімінен көрінбек.

Тағы бір айта кететін мәселе – баспана жайы. Алдыңғы кезекте баспана мәселесін шешу – халықтың хал-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды жобаны жүзеге асыруды тапсырды. Жылы ұядағы тату-тәтті тірлік – халықтың жақсы тұрмысы.

Мен өзім Жезқазған қаласында еңбек еткендіктен моноқаланың «екінші тынысын» ашу туралы айтқаны ұнады. Туған жердің көркеюі азаматтарымызға тың күш беретіні анық. Жастардың туған жерде тұрақтануына да әсері зор болады. Кенді өлкенің дамуына жаңа серпін берері сөзсіз. Бұл Жолдаудағы тың тапсырмалар арқылы халқымыз өздеріне қамқорлық жасалып жатқанын сезінеді деп ойлаймын. Бұл әрбір азаматты өзінің шағын Отанын қолдауға, қамқор болуға шақырады.

**Сара ӘБДІКЕРОВА,**
**№8 гимназиясы директоры**

# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ МАҢЫЗДЫ

*Қазақстан бүгінде сыбайлас жемқорлықтан азат заманауи құқықтық мемлекет құруда. Ашықтық, қоғамға есептілік және заңның үстемдігі сияқты қағидаттар мемлекет басымдықтарының негізін құрайды.*

2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлт жоспары аясында Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заманауи моделі құрылды. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлықтан азат қоғамды қалыптастыруға бағытталған, оның негізінде салдармен күрес емес, оның алғышарттарын жою жатыр. Алдағы міндет – азаматтардың қажеттіліктеріне бағытталған кәсіби мемлекеттік аппарат құру, оған қоғамның барлық топтары қатысады.

Мемлекет басшысының ұстанымына сәйкес республикадағы сыбайлас жемқорлық проблемаларымен күресте билік пен халықты біріктіретін уақыт келді. Сыбайлас жемқорлық – бұл терең әлеуметтік ауру. Біз оны тек ортақ күш-жігермен ғана жеңе аламыз. Қоғамдық бақылаудың жаңа нысандарымен басқару шешімдерінің барынша ашықтығы қажет. Қоғамда қалыптастыру үшін нөлдік төзімділік керек тұрақты жүргізілуі мақсатты идеологиялық жұмыс. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті болмаса, қалаған иммунитетке қол жеткізу мүмкін емес. Еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсінуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты азайтуға Қазақстанда цифрлық үкіметті дамыту саласында жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен электрондық қызметтері ықпал етеді. Бұл бастамалар өз кезегінде еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыра түседі.

**Қымбат ҚАЗБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы**

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ



***Қайрат ӘБСАТТАРОВ:***

# СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ

*Қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен өтетін аппарат жиынының күн тәртібінде қаралған мәселелердің алғашқысы – осыған дейін берілген тапсырмалардың орындалысы. Бұл мәселе бойынша әкім орынбасарлары жеке-жеке есеп берді.*

Өткен аптадағы аппарат жиналысында Аманғали Мұхамбединге өзі жауапты мемлекеттік мекемелердің перспективалық жұмыс жоспарын әзірлеу, Жезқазғанның инновациялық дамуы бойынша нақты ұсыныстар беру, өсімдік шаруашылығын дамытудың нақты шаралары, мысты өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуын еліміздің алдыңғы қатарлы моноқалаларымен салыстыру, салық базасын нығайтудың жолдарын қарастыру жүктелген болатын. Алайда, ол тапсырмалардың орындалысы қала басшының көңілінен шықпады.







– Тапсырма орындалу үшін беріледі. Мен әрқайсыңыздан нақтылықты талап етемін. Сөзден іске көшетін уақыт келді. Жұмысты жандандырып, ширатуға тапсырма беремін, – деген Қайрат Бектайұлы орынбасарларынан жұмысқа деген жаңаша көзқарасты талап етті.

Екінші болып мінберге көтерілген коммуналдық шаруашылық жөніндегі орынбасар Қайрат Бапановқа берілген тапсырма да аз емес. Өйткені, тұрғындардан түсетін шағымның 90 пайызы қаланың коммуналдық саласына қатысты. Соның ішінде ең маңыздысына тоқталуды жөн көрген әкім орынбасары жаңадан салынып жатқан инфекциялық ауруханаға жол салу мәселесі шешілгенін жеткізді. 5 қазанда тапсырылатын аурухананың жол құрылысына «Рокада» ЖШС 11 қыркүйектен бастап кіріседі.

Қабанбай батыр елді мекені тұрғындарының да қоғамдық көлік мәселесі оң шешімін тапқаны қуантты. 9 қыркүйектен бастап таңғы сағат 07:00-ден кешкі 19:30-ға дейін «Қабанбай батыр (Геология) – Жезқазған» бағытында автобус қатынайды. Қарағанды қаласынан кіреберістегі жолдың шұрық-тесігін жамау 1 қазанда қолға алынбақ.

Кеңгір селосының ауыз су құбырларын сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорны балансына беру «Қарағанды-Жезқазған» тас жолы бойында орналасқан қорымдарға жерлеу рәсімдерін жүргізуге тыйым салу, тал отырғызу мен оны суару мәселесі әлі де шешімін таппай тұр. Кеңгірліктер суға 6 млн теңгеден астам қарыз болғандықтан, кәсіпорын ауылдағы құбырды өз қарамағына алғысы жоқ. Тал отырғызып, оларды суару бойынша да әлі нақты жоспар жасалмағанын естіген қала әкімі Қайрат Бапановқа аптасына екі рет осы мәселе бойынша есеп алатынын айтты.

– Қазір ауыз су мен жылу судың жоқтығы өзекті мәселе болып отыр. Сіздер қай көшеде, қай үйде судың жоғын біліп отыруға міндеттісіздер. «Су беру картасын әзірлеңіздер» деген тапсырма сол бойы орындалмады. Аталған карта күніне екі рет жаңарып отыру керек, – деп ЖСЖК басшысын орнынан тұрғызған Қайрат Бектайұлы жезқазғандық тұтынушыларына тиісінше қызмет көрсету, олардың арыз-шағымын дереу шешу ақсап тұрғанын қадап айтты.

Қала тазалығын бұзған тұрғындар мен кәсіпкерлерге шара қолдану тапсырмасы да өз деңгейінде атқарылмағанына назар аудартқан қала әкімі жергілікті полиция қызметіне көшелер мен қоғамдық орындарда тәртіп сақшыларын кезекшілікке қоюды тапсырды. Өзіне тиесілі аумақты таза ұстамайтын кәсіпкерлер мен кәсіпорын басшылары тәртіпке көнбесе қатаң шараларға көшуге шақырды.

– 28 тамыздан бастап абаттандыру қағидаралын бұзғандарға қатысты 117 хаттама толтырып, 13 тұрғынға, 1 ПИК төрағасына 20 АЕК көлемінде айыппұл салыпсыздар. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабын бұзған кәсіпкерлерге, мына отырған жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнына, құрылысқа жауапты мердігерлерге салған айыппұлдарыңыз қайда? Кеңгірдің айналасын қоқыс алаңына айналдырып жатқандар қашан жауапқа тартылады? – деп жергілікті полиция қызметінің жұмысына көңілі толмайтынын жеткізді Қайрат Бектайұлы.

Бір аптаның ішінде үш мәрте тікелей эфирге шығып, жезқазғандықтарды толғандырған мәселелерге жауап берген Зина Ақылбекова білім мен тәрбие беру мекемелерінде жүріп жатқан жөндеу жұмыстары қатаң бақылауында екенін жеткізді. Сонымен бірге, жезқазғандық еріктілер «Жастар» саябағын өз қамқорлығына алып, онда қоғамдық тәртіп пен тазалықтың сақталуына үлес қосуға дайын екенін айтты

Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының директоры Ахметолла Мырзалиев 31 тамыз бен 7 қыркүйек аралығында қала бойынша 6 жерде құбыр жарылып, оның бесеуі уақытылы жөнделгенін, кәріз жүйесінде 83 ақау болғанын, сусыз қалған тұрғындарға ауыз су жеткізілгенін есебіне арқау етті.

Аппарат жиналысы әлеуметтік желілердегі шағымдарды шолумен қорытындыланды. Қала әкімінің баспасөз хатшысы Гаухар Әлмағанбетова «Телеграм» желісінде ел шағымданған саяжайларға қатынайтын қоғамдық көлік, «De Facto» сауда үйі, №4 орта мектеп пен Бекболатсай елді мекеніндегі тазалық мәселесі шешілмей тұрғанын айтты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

*Жыл сайын Қазақстанда 600 мыңнан астам адам түрлі жарақат алады. Өміріне қауіп төндіріп, жарақат алғандардың 22 пайыздан астамы – 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде.*

Елімізде балалардың жарақат алу деңгейі жоғары екенін БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) да растап отыр. Олардың деректеріне сүйенсек, тек 2017 жылы 27 мыңнан астам қазақстандық бала ауруханаға жатқызылды, ал 1 283 бала жарақат салдарынан қайтыс болған. Үш жыл өтсе-дағы бұл цифрлар әлі оңалмады. Терезеден құлаған, көліктің астында қалған, отқа оранған балғындар туралы жаңалықтар бүгінде күнбе-күн жарияланып тұр. Сондықтан, медициналық мекемелерде балаларды оқыс оқиғалардан сақтап, олардың өмірін аман алып қалу жөнінде насихат жұмыстарын жүргізу үрдіс алды. Бұл жолы «Мәкенбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының әлеуметтік жұмыс бойынша маманы Екатерина Шмидт тікелей эфирге шығып, ата-аналар назарда ұстауы керек пайдалы кеңестерімен бөлісті.

– Мектеп жасындағы балаларда жарақаттар түрлі себептермен туындауы мүмкін. Биіктіктен құлау, тұрмыстық күйіктер, сондай-ақ жол-көлік оқиғалары. Жарақаттанудың деңгейі мен түрі жыл мезгіліне де тікелей байланысты. Мысалы, көктем айларында мектептегі жарақат 41 пайызды, тұрмыстық 36 пайызды, ал көшедегі жарақат 21 пайызды құрайды. Жазда спорттық жарақаттар басым. Сонымен бірге, тұрмыстық және көшедегі жарақаттың да деңгейі төмендемейді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, барлық жарақаттардың жартысынан көбі аяққа келеді (58,5 пайыз), қол жарақаты – 17,6 пайыз. Сынықтар барлық жарақаттардың шамамен 14 пайызын құрайды, – деп әңгімесін бастаған маман үйде сақталуы тиіс қарапайым қауіпсіздік ережесінен бастап, қоғамдық көлікте жүріп-тұру, жолда жүру ережесі мен ойын барысындағы сақтық шаралары хақында кеңірек баяндап берді.

Бала өміріне ата-ана жауапты болғандықтан, үлкендерге артылар жүк те ауыр. Сондықтан, ата-ана бауыр еті баласын түрлі жарақаттардан сақтап қалуы үшін күш жұмсауы керек. Ол үшін маманның айтуынша, ата-аналар балаларына барынша жақын болып, көп сөйлесуі керек екен. Ненің қауіпті, ненің қауіпсіз екенін баласы ес білгелі құлаққа құйған жағдайда ғана ұл-қыздар өз өмірі мен денсаулығын сақтауға, басын қатерге тікуден аулақ болады екен.

Жол ережелерін сақтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу шаралары үйде де, мектепте де айтылып жүргені анық. Бірақ, оны орындауға асық бала аз. Мұның себебін маман былай түсіндірді: «Балалар естігенін емес, көргенін көбірек қайталайды. «Машина аз» деп қалаған жерінде жолдың қарсы бетіне жүгіріп өту бүгінде үлкендер үшін қалыпты жағдай. Мұны көрген бала қайталамай қайтеді?! Бір-екі рет ережені бұзған соң, оны әдетке айналдырады». Оқушылардың жолды белгіленбеген жерден кесіп өткенін көрген үлкендер оларға ескерту айтпайтынына алаңдаушылық білдірген Екатерина Шмидт ата-аналардың балаға қол жұмсамау қажеттігін еске салды. Мойындағымыз келмесе де, тіл алмаған баласын тәртіпке шақырғысы келген көп ата-ана жұдырық ала жүгіретіні бар. Ашу үстінде соққы қатты тиіп бала жарақат алып жататыны осыдан. Бірақ, көп ата-ана мұндай жағдайда дәрігер көмегіне жүгіне бермейді. Осы ретте «Мәкенбаева» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының әлеуметтік жұмыс бойынша маманы үлкендердің мұндай әрекеті баланың тәніне ғана емес жанына да ауыр жара салатынын жеткізді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА

***22 жұмыссыз жұмылдырылды***

*Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019 – 2022 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес биыл мамыр айында құрылысы басталған 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені де «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.*



Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 63 адамды жұмыспен қамту жоспарланған аталмыш құрылыс алаңында бүгінде жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген 22 жезқазғандық еңбек етіп, нәпақасын тауып жүр. Олардың жұмыс жағдайын білмек мақсатта әңгімеге тарқан едік.

– Коронавирус инфекциясының әлем елдеріне тигізген зияны көп. Адам шығыны, экономикалық дағдарыс біздің елді де айналып өтпеді. Наурыз айында төтенше жағдай жарияланысымен менің табысым қысқарды. Бара-бара тіпті жұмыссыз қалдым. Сөйтіп, жұмыспен қамту орталығына барып, жағдайымды түсіндірдім. Мамандар менің құрылыс саласына икемім барын естіп, бірден «Орион LTD» ЖШС жіберді, – деген Сергей Пученков алғашында спорт нысанының құрылысына қарапайым жұмысшы ретінде кірген.

Үш ай бойы 150 мың теңге көлемінде айлық алған ол электр желілерін тартуға, жерді тегістеу, жүк түсіру сынды жұмыстарға араласқан. Ал, қазір – бригадир. Қол астындағы 8 жұмыскермен бірге бетон құю, жылу желісін тартуға жауапты. Жұмыс жағдайы жасалғанын тілге тиек еткен Сергей Пученков дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 2021 жылдың желтоқсанында аяқталатындықтан, «жұмыссыз қаламын» деп ертеңгі күніне алаңдамайтынын жасырмады.

– Отбасылымын. Екі баламды оқытып-тоқытуым керек. Сондықтан, жұмыс талғамаймын. Карантинге дейін өз-өзімді жұмыспен қамтып, жекелеген тапсырыс қабылдадым. Үйіне жөндеу жасайтын тұрғындар азайған сыңайлы. Тапсырыс күрт тоқтап қалды. Табыссыз қалмау үшін жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелдім. Олар небәрі екі күннің ішінде мына құрылыстан жұмыс ұсынды. Мен де келісе кеттім, – дейді біз әңгімелескен келесі жұмысшы Рахат Сексенбаев.

Ол аптасына алты күн жұмыс істейді. Оның өзінде сенбі – қысқартылған күн. Екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарға жұмыс ұсынған мемлекеттік бағдарламаның барына алғыс білдірген қос құрылысшы халық денсаулығын жақсартып, болашақ чемпиондарды даярлауға септесетін спорт нысанын салып жатқандарына қуанышты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 240 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға трлн теңге бөлінді. Елді-мекендердің инфрақұрылымын дамытып, жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеуді мақсат еткен жол картасы аясында Жезқазған қаласында 38 жоба жүзеге асырылуда. Қалылық жұмыспен қамту ортылығынң соңғы мәліметіне сүйенсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы нәтижесінде 1099 жұмыс орны құрылып, оның 550-і жұмыссыздарға арналған. Бүгінде 456 жұмыссыз жезқазғандықтың тұрақты табыс көзі бар.

**Бота ШАЛҚАР**

*Асыл дінімізде білім алудың маңызы ерекше. Өйткені білім – амалдың негізі, мінездің басшысы және түзетуші құралы. Амалсыз білімнің пайдасы болмайтыны секілді, білімсіз амалдың да еш пайдасы болмайды.*
*Білім мен амал – бірін-бірі толықтырушы, бір-бірінен ажыратуға болмайтын егіз ұғым.*



# БІЛІМ – АМАЛДЫҢ НЕГІЗІ



Кез-келген адам құлшылықтарын немесе айналадағы кісілермен қарым-қатынасын түзеткісі келсе, ең алдымен білімді алудан бастауы керек. Содан кейін көркем мінезін қалыптастыратын, нәпсіні түзейтін түрлі білім саласын меңгергені абзал. Алла Тағала білім алудың маңызы туралы қасиетті Құранда бірнеше жерде баяндаған. Қасиетті кітабымызда: **«Пенделерінің арасында Алладан қорқатындары – ғұламалар»** («Фатыр» сүресі, 28-аят) делінген.

Демек білім пендені тақуалыққа тәрбиелейді, амалын түзетеді. Өйткені адам баласы білім алған сайын Алланы тани түседі. Ал Алланы таныған адам тақуалық жолды таңдайды. Құдайдың құдіретін білгендіктен, Оны мойындағандықтан, күпірлікке бармайды. Асылында адам баласының жамандыққа жол беруі, яғни күнәлі іске бой алдыруы – білімсіздіктен. Білімді адам мен білімсіз адамның арасында үлкен айырмашылық болады. Сол үшін Хақ Тағала: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ала ма?»** («Зүмәр» сүресі, 9-аят) деген.

Білім үйрену пенденің дәрежесін көтереді. Хикмет білім арқылы келеді. Дана адам кез-келген мәселені, яғни басына түскен сынақты білімі арқылы сабырмен, көркем мінезбен шешеді. Білімді адам асығыс шешім қабылдамайды. Өйткені мәселенің себебі мен салдарын жан-жақты қарап, оған терең бойлап, оңтайлы шешім қабылдайды. Даналық ойдың негізінде қабылданған шешім өзгенің көңіліне қаяу түсіріп алмауға көмектеседі. Раббымыз білім иесінің дәрежесін көтеретіні туралы Құранда былай баяндаған: **«Алла сендердің араларыңнан иман келтіргендер мен білім иелерін жоғары дәрежелерге көтереді»** («Мүжәдәлә» сүресі, 11-аят).

Шариғатымыз мұсылманға білім алуды міндеттейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Білім алу – әрбір мұсылманға (ер мен әйелге) парыз»*** деген. Өйткені парыз амалдарды толыққанды орындау үшін тиісті деңгейде білім қажет. Сонымен қатар адасқан ағым өкілдерінің идеологиялық шабуылынан аман қалып, ешкімге де еліктемей, иманын сақтап қалғысы келген адам үшін сенімге қатысты білімдерді меңгеру аса маңызды.

Қазір заман өзгеруде. Күн сайын технология дамып келеді. Бұл үрдістен басқа-басқа мұсылман қауымы қалыс қалмауы тиіс. Еліміз бен жеріміздің даму жолында өз ісінің майталман маманы бола білген білімді жастардың, дәстүрлі құндылықтарды құрметтейтін парасатты азаматтардың орны айрықша. Өз ісін кәсіби тұрғыда жүргізе алатын көз ашық мамандар көп болса, еліміз өркениетке қадам басады. Білім мен көркем мінезді, ар мен ұятты өз бойына ұялатқан адам елдің көсегесін көгертеді. Бірде Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа Алланың елшісі, ең жақсы адам кім?» деп сұрайды. Сонда ол: ***«Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген пенде»*** деп жауап берген екен. Осындайда халық даналығында айтылатын:

«Жаман ердің қайғысы,
Өз отының қасында.
Жақсы ердің қайғысы,
Ауылының басында» деген орамдар ойға оралады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) білім алып, біліміне амал етіп, қоғамға шуағын шашып, жақсылығын жайып жүретін көпшіл кісінің мәртебесін ерекше атап өткен. Ахмет Байтұрсынұлы бір өлеңінде:

*«...Не пайда өнерің мен біліміңнен*
*Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!..»* деген екен. Яғни әрбір азамат өзінің саласы бойынша елдің өркендеуіне үлес қосса, болашағымыз баянды болмақ.

Ата-анамыздың қамқорлығымен немесе мемлекет бөлген гранттың негізінде білім алып, белгілі дәрежеге жетіп, қызметке орналасқан соң, осы игіліктің баршасын елді өркендету жолында жұмсауымыз керек. Өйткені Алла Тағала Құранның «Әли-Ғимран» сүресінде: **«Жақсы көрген нәрселеріңді, (**мысалы дүние-мүлік, күш-қуат, ақыл, білім т.б.) **Алла жолында жұмсамайынша, шынайы түрде жақсылыққа қол жеткізе алмайсыңдар»**, – деп баяндаған.

«Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болуды» армандаған кешегі 20 жастағы Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді тұлғаларымыздың сөзі елге қызмет етем деген барша азаматқа үлкен ой тастауы тиіс. Өз отбасы үшін уайым шеккен адам Отанның да болашағына жанкүйер болып, ортақ істе азаматтық танытқаны абзал.

Белгілі академик, көрнекті ғалым, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұрат Жұрынов «Мұнара» газетіне берген сұхбатында мынадай мәселе көтерді: «Қазір теледидарды қосып қалсаңыз, өсек-аяң, жалаңаштық, әдепсіздік, қазақшалап айтқанда, жын-шайтанның ісі сол жерде насихатталып жатыр. Ал еңбек озаттары қайда? Ірі зауыттарға табысты басшылық жасап жүрген директорлар, дүниежүзін мойындатқан ғалымдар мен жазушылар қайда? Оларға ерген талантты жас мамандар қайда? Міне, бізді осы сұрақтар ойландыруы керек. Қай заманда болсын, әр салада жетістікке жеткен адамдар қоғамның абыройлы тұлғаларына айналған. Сондықтан біз білім озаттарын көбірек насихаттауымыз керек. Адами құндылықтар қашан да біліммен, әдеппен, адамгершілікпен өлшенген».

Расында қазіргі жастардың еліктейтін адамдары оқу озаттары мен жаңалық ойлап тапқыш ерекше зерек азаматтар, ғалымдар мен ғұламалар болуы керек. Ғалымға ұқсап бағуға тырысқан адамнан ғалым шығады. Біз өз айналамыздағы жастарға, тіпті үйдегі бала-шағамызға білімі арқылы үлкен жетістіктерге жеткен тұлғаларды үнемі үлгі етіп отыруымыз керек. Сонда ғана балада ғылым-білімге деген қызығушылық пайда болады. Біз өз баламызға еліктейтін тұлғаны таңдап бермесек, ертеңгі күні кеш қалуымыз мүмкін.

Кезінде Тоқтар Әубәкіров ағамыз ғарышқа ұшқанда қаншама қазақтың баласы ұшқыш болуды армандады. Бұл өте жақсы, ғибрат алар тарихи оқиға болды. Осы секілді қаншама тұлғаларымызды насихаттасақ, балаларымыз соларға еліктеп, өміріне үлгі тұтып өседі.

Мұрат Жұрынов ағамыз айтқандай, адамзат баласы жер бетінде пайда болған дәуірден бері оның ақыл-ойы, сана-сезімі, бүкіл болмысы білім алуға бейімделе бастаған. Ізденіс, зерттеу, әр іске ой жүгірту – адам табиғатында әу бастан көрініс тапқан құбылыстар. Өйткені Алла Тағала адамға ерекше сана берген. Білім алу – мәңгі бақи күн тәртібінен түспейтін мәселе. Неге? Білімді озған, білімсіз тозған заман. Бұл аксиоманы өмірдің өзі дәлелдеумен келеді. Алла Тағала білімді жастарымыздың санын арттырып, еліне, жеріне аянбай қызмет ететін жас өрендерімізге жар болғай! Әмин!

**Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ,**
**Шымкент қаласының бас имамы**

*«Мұнара» газеті, №16, 2020 жыл*

***Қайрат ҚҰРМАНБАЕВ:***

# ПІКІР ПЛЮРАЛИЗМІНІҢ ДЕ ӘДЕБІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БОЛАДЫ

***Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры, исламтану ғылымы бойынша PhD доктор, доцент Қайрат ҚҰРМАНБАЕВПЕН сұхбат***



***– Қайрат мырза, өзіңіздің бір жазбаңызда діндегі пікір плюрализмін тілге тиек еткен екенсіз. Осы сөзіңіздің мәнін кеңірек ашып берсеңіз?***

– Әртүрлі ойдың болуы адам табиғатына тән құбылыс. Қанша адам болса, сонша көзқарас пен пікір кездеседі.Мысалы,Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрып, түрлі кәсіби топтар мен бағыт өкілдерінің белсенді мүшелерінің басын қосты. Сенім кеңесінің мүшелері әр алуан әлеуметтік топтың өкілі ретінде өз ойларын ортаға салады. Яғни осы тұрғыдан әр саланың өз пікірі болатынына назар аударып, халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын ұсынды.

Ал діндегі пікір плюрализмі дегеніміз – діни көзқарастардың алуандылығы. Бұл тек ислам дініне тән құбылыс емес. Яғни, әртүрлі діни топтардың астарында пікір алуандығы бар. Ақиқат дін адамзаттың өмірін реттеу үшін келгеннен кейін әрбір адамның, әрбір ұлттың, халықтың жағдайын ескеруі заңды. Сол үшін адам өмірі өзгеруге бейім болғаннан кейін діннің де, шариғаттың да кейбір жағдаяттарға қарай өзгеруі не соларға жауап беруі керек. Сонда ғана хақ дін – өміршең болмақ. Адам өмірі сан салалы, сан қилы болғандықтан, ол бір орында тұрмай, әрдайым өзгеріп тұрады.

Географиялық кеңістікке қарай айтатын болсақ, Азия халықтары мен Европа, Африка халықтарының тұрмыс-тіршілігін салыстыруға келмейді. Сондықтан дін осы ерекшеліктермен, құндылықтармен санасатын болса, дұрыс дін болады деген сөз. Себебі XXI ғасырда өмір сүріп, VII ғасырдағы түсінікпен, салтпен шектеле алмаймыз. Ислам шариғаты барлық заманға, кеңістікке, қоғамға жауап бере алатын дін. Егер жауап бере алмайтын болса, онда ол діннің емес, дін ұстанушылардың кемшілігі.

Аталған кемшіліктің нәтижесі исламға деген жаңсақ түсініктердің қалыптасуына себеп болады. Маңыздысы сол талас – пікірсіз болмауы қажет. Өйткені кейде діни ортада пікірсіз, жалаң талас-тартыс болады. Ал пікір бар жерде ой бар. Ой болса зерттеу болады. Яғни, зерттеудің нәтижесінде орын алған пікірталас, ғылыми негізге сүйенген дикуссия құпталады. Бірақ оның да әдебі, өз заңдылықтары бар. Осының нәтижесінде дұрыс дикуссия болады.

***– Расында, уақыт өте келе діни көзқарастар өзгеріп келеді. Оның қоғамға берер әсері қандай болмақ?***

– Дінде әртүрлі пікірдің болуы – барлық дінге тән құбылыс. Ислам дінінің тарихына көз жүгіртсек, түрлі саяси-құқықтық көзқарастардың нәтижесінде діни бағыттар, мектептер қалыптасты. Бұл алуан түрлі көзқарас қоғамға кері әсерін береді деген сөз емес. Дінге байланысты пікір білдіргенде «Менікі ғана дұрыс» деген ұстанымнан ада болған жөн. Көзқарас ғылыми әдістерге, нұрлы ақылға негізделуі керек.

Мысалы, ханафилік, шафиғилік, ханбалилік, мәликилік құқықтық мектептердің ғылыми негіздемелері бар. Сондықтан бұлар бірауыздан мақұлданған мектептер болып, сан ғасырдан бері қоғам талабы мен өзгерістерге жауап беріп келеді. Сондай-ақ жекелеген көзқарастар ғылымға, қисынға, ақылға негізделген болса, оларды да құптауға болады. Алайда діни көзқарастар, өзара пікір алмасу талас-тартысқа, жанжалға алып барып, қоғам тұрақтылығына сына қақпауы қажет.

Дін қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға мүдделі. «Ораза, намаз тоқтықта» деп ата-бабамыз айтқандай, қоғамда бейберекетсіздік, аштық, тұрақсыздық орын алған жағдайда ғана діни ортада қиындық туындауы мүмкін. Діннің асыл мақсаты тұрақты қоғамда ғана жүзеге асады.

Құран Кәрімде «Сендердің діндерің – өздеріңе, менің дінім – өзіме» *(«Кафирун» сүресі, 6-аят)* деген аят бар. Яғни исламда сенім еркіндігі, ой еркіндігі бар. Пайғамбар сөзін түсінуде де түрлі көзқарастар қалыптасқан. Өйткені әр адам өз қарым-қабілетіне, санасына қарай қабылдайды. Тіпті, пайғамбардан тікелей тәлім алған сахабалардың өзі үкім шығару барысында да түрлі көзқараста болды. Оған сол адамдардың пікір плюрализмі, діни мәтіндердің тілдік, лингвистикалық, мақсаттық, прагматикалық тұрғыда түсінудегі әртүрлі ұстанымдары әсер етті.

Хадистерді жазба мәтіндерден оқығанда, айтушының жағдайын, көңіл-күйін сезінбейсің. Себебі, жазба мәтінде интонация, бейвербалды әрекеттер жоқ. Сондықтан уақыт өте келе жазба мәтіндерді түсінуде әртүрлі көзқарастар туындады. Мемлекеттік құзырлы мекемелер, Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы, ғылыми орталықтар бұның барлығын бақылауда ұстайтын болса, ешқандай қауіптің болмайтыны анық.

***– Діни шектен шығушы топтармен қалай күресуге болады?***

– Діни радикализммен күресу үшін дұрыс діни түсінік қалыптастыру маңызды. Ал дұрыс діни түсінікті қалыптастыру үшін орта ғасырлық діни түсінікпен шектелмеген кадрлар керек. Сонымен қатар дін негіздерімен қоса заман ағымын ескеретіндей дүниетанымы кең болуы да маңызды.

Ислам дінін ұстанушылар көп болғандықтан, ислам дінін оқытатын діни мектептерге, университеттерге көп көңіл бөлу қажет. Елімізде Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті – діни салада қызмет ететін, осы салада ғылыми зерттеу жүргізетін, білікті мамандар даярлайтын жалғыз оқу орны. Ол – Қазақстандағы зайырлылық принциптерге негізделген жоғары діни оқу орны. Діни кадрлар дайындауда, діни тұрақтылықты қамтамасыз етуде, дерадикализация бағытындағы үлкен орны бар университет.

***– Естуімізше, «Намаз оқымайтын адам – кәпір» дейтіндерге жауап» деген еңбегіңіз жарыққа шығайын деп жатыр. Бұл кітапты жазудағы мақсатыңыз қандай?***

– Бұл кітап жарыққа шықты. Аталған шағын еңбекте дін мәселелерін, оның ішінде исламтануда кейбір пікірталас туындатқан санаулы сұрақтар мен мәселелер көтерілді. Әуелде діни мәселенің күрделенуіне түрткі болатын тақырыптарға ғылыми негізде, соқырға таяқ ұстатқандай етіп түсіндіретін жеке-жеке кітапша етіп шығаруды жоспарладым. Негізінде мұндай еңбектер ертерек жазылуы керек еді. Мемлекеттің осы бағытқа бөлген қаржысы дұрыс жұмсалуы қажет. Осы уақытқа дейін қажеттілікке сай, сұранысқа жауап беретін кітаптар аз шықты, тіпті жоқтың қасы десе болады.

Жат ағым өкілдерінің пікірталасына себепкер болып отырған шамамен 20-30 мәселе бар. Соның бірі – «Намаз оқымайтын адам – кәпір» дейді. Намаз оқымайтын адамды күпірлікпен айыптау – діни радикал топтардың пікірталасына айналды. Дәстүрлі дінді ұстанған мұсылман жамағаты мен шектен шығушы топтар арасында жанжалға алып баратын тақырып. Бірбеткей ұстанымдағы әсірединшілдер намаз оқымайтынның бәрін күпірлікпен айыптайды. Елімізде экстремистік топ ретінде танылған «тәкфир уәл-хижра» жамағаты өзге сенімдегілерді өлтіруге, олардың малын, жанын, қанын арам деп санауға дейін барған. Бұның аяғы қоғамдағы тұрақтылығына сызат түсіріп, дау-жанжал шығып, тіпті өршу ықтималдығын туғызады. Намаз оқымайтын адамды «кәпір» деп санағаннан кейін, оған қатысты ұстаным, қарым-қатынас өзгереді. Намаз оқымайтын адамдардың барлығын «кәпір» деп айтуға болмайтындығын осы еңбекте діни мәтіндердің негізінде көрсеттік.

Өзімнің шәкіртім докторант, білікті маман Нұржан Стамбакиев екеуміз осы жобаны қолға алдық. Діни пікірталас, талас-тартысқа себеп және арқау болған әрбір тақырыпқа орыс және қазақ тілінде жеке-жеке еңбек жазылады. Бірі намаз оқымайтын адамға қатысты болса, екіншісі жиһад тақырыбында, одан кейін мәзһаб ұстану – адасушылық, Әбу Ханифа хадис білмеген дейтіндерге жауап секілді еңбектер жарық көрді.

Алдағы уақыттағы мақсатымыз – жалпы ислам әлеміндегі діни көзқарастардың қақтығысына алып келетін жекелеген тақырыптар бар. Осы тақырыптарға бір арнайы еңбек жазып, жан-жақты талқылап баяндап берсек, дінтанушы, исламтанушы, теологтарға бір хрестоматия болатын еді. Сондай-ақ бұл жат ағымдардың жетегіне ергендермен оңалту мақсатында жұмыс жасайтындарға таптырмас құрал болар еді.

***– Алдағы уақытта тағы қандай еңбектер жазу жоспарыңызда бар?***

– Алға қойған жоспарлар аз емес. Өзімнің тағы бір шәкіртім докторант, дінтанушы Ернар Есімқұловпен бес томдық ислам тарихын жазуды қолға алғанбыз. Оның бір томын жарыққа шығардық. Ислам тарихында орын алған өте көп деректер бар. Сол деректердің ішіндегі ең маңыздыларын, сенімділерін таңдай отырып, ислам тарихын бес кезеңге бөліп, оның әр кезеңіне бір-бір кітап жазуды ұйғардық.

Сонымен қатар дерадикализация бағытындағы проблемаларға арнайы кітап жазуды бастап отырмыз. Бұған қоса жекелеген еңбектерім бар, оларды жарыққа шыққанда көретін боласыздар.

***– Елімізде діни ахуалдың бірқалыпты болуына қандай мүмкіндіктер қажет?***

– Мүмкіндіктер өте көп, оларды дұрыс пайдалану қажет. Діни ахуал әрдайым бірқалыпты емес. Сәт сайын өзгеріп отырған әлемдегі ахуал діни ахуалды да айналып өтпейді. Бірақ оларды тепе-теңдікте ұстау үшін ортақ құндылықтарды алға тартуымыз керек. Қаншама пікір болса да олардың тоғысатын нүктесі бар. Ол – қоғам тұрақтылығы. Оны біз бірінші кезекке қойсақ, барлық көзқарастар мен бағыттар сонда ғана бірігеді. Сол кезде оны сақтауға бәрі мүдделі болады деген сөз.

Барлық дін – адами құндылықтарда бірігe алады. Яғни, осындай ортақ дүниелерде бірігіп, келісімге келетінін ұмытпауымыз керек.

***– Қайрат аға, қазіргі таңда көптеген шәкірт тәрбиелеп, діни білім беру жолындасыз. Артта келе жатқан ұрпаққа қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?***

– Жастарға көп кітап оқуға кеңес берер едім. Өйткені, Құранның алғашқы аятында «Оқы» деп айтылған. Кез келген проблема – сол оқымағаннан туындайды. Қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру керек. Өркениет пен мәдениеттің өзегі – білім. Сол себепті білімсіз, ғылымсыз алға жылжи алмаймыз. Ыбырай атамыз айтпақшы, оқу керек, оқығанды ықыласпен тоқу керек.

***– Алтын уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!***

## СҰРАҚ-ЖАУАП

### *Қарызын қайтара алмай жүрген адамға көмектесу сауапты іс пе?*

Қарыз – борышкердің мойнына жүктелген жауапты міндет. Борышкер алған қарызын қайтаруға міндетті. Ал енді борышкердің материалдық жағдайы ауырлап, алған қарызын қайтаруына қиналып жатқанына көзіңіз жеткілікті болса, мүмкіндігінше оған жәрдем беру – сауапты іс. Тіпті Алланың Елшісі де (с.ғ.с.) қарызы бар сахабаларға қолынан келгенше жәрдем беріп отырған.

Бұл арада бірінші кезекте қарызға берген адамның құқығын қорғап һәм борышкердің де қарызын өтеуіне жағдай жасайтын еді. Мысалы, Жәбир ибн Абдулланың әкесі Абдулла ибн Амр Ухуд соғысында шейіт болған еді. Бірақ, оның артында төленбей қалған қарыздары болды.

Қарыз берушілер Жәбирдің есігін қағып, қарызын сұрап келеді. Жәбир де қолынан келер шарасы болмағандықтан Пайғамбарға бет алады. Құрма бақшасынан түсетін өнімді, әкесінің қарызы ретінде бергісі келетінін айтып және Пайғамбардың олармен сөйлесіп беруін өтінеді.

Пайғамбар олармен қанша сөйлессе де оларды Жәбирдің ұсынысына көндіре алмады. Себебі бақшадан түскен өнім олардың берген қарызын толық жаппайтын еді. Пайғамбар (с.ғ.с.) Жәбирге: *«Ертең намаз уақытында саған келемін»,* – дейді.

Таңертең Алланың Елшісі (с.ғ.с.) намаз уақытында Жабирдің құрма бақшасына келеді. Бақшаны аралап, берекет дұғасын қайталайды. Түскен құрмаларды жинағанда құрмалар сондай берекеттеніп сала бергені сонша Жәбир оларды сатып, қарыздарынан толық құтылды. Тіпті, біразы өзіне де қалды. (Бұхари)

Ал енді келесі хадисінде Алланың Елшісі (с.ғ.с.) қарызы бар адамға көмектесу қажеттігін айтып былай дейді: *«Кім қиындықта қалған (борышкер) бауырына жағдай жасаса, Алла да оған дүниеде және ақыретте жағдай жасайды»* (Мүслим).

Пайғамбар (с.а.с.) бұл сөзі арқылы мұсылманда қиындықта қалған бауырына көмектесу қажет екенін айтып, сауапты істер жасауға шақырған.

### *Әл-Фараби не үшін «Екінші ұстаз» атанды?*

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби – адамзат біліміндегі көптеген салада терең ізін қалдырған Ислам Ортағасыр ұлы ойшылдарының бірі.

Оның логика, метафизика, жаратылыстану, әлеуметтік философия, этика мен саясаттағы іргелі еңбектері, Шығыс ислам және ортағасырлық Батыс мәдениеттерінің дамуынан кейін Қайта өрлеу мен Жаңа заманға үлкен әсерін тигізді. Әлемдік мәдениет тарихында ол Шығыс Аристотелі әрі ортағасыр әлеміне табиғатты, адамзаттық қоғам мен адам жанын зерттеудің құпия пердесін ашушы Ұстаз ретінде танымал.

Әл-Фараби логика мен көптеген теориялық ғылымдар жайындағы еңбектердің иесі екені мәлім. Әсіресе, олардың басым көпшілігі – мантық (логика) ғылымы. Ғалым шамамен Аристотельдің барлық кітаптарын араб тіліне аударып, оларға түсініктеме берген. Мысалы, «Бірінші Аналитика», «Силлогизм туралы кітап», «Екінші Аналитика» деп танылған «Дәлел жайындағы кітап», «Топика», «Он категориялар жайындағы кітап», «Софистика», «Риторика», «Поэтика», «Табиғи үйлесімдік», «Аспан және әлем», «Аспандық белгілер» және т.б.

Батыс әлемі Аристотельді әл-Фарабидің арқасында таныды. Өйткені Еуропа Аристотельдің кітаптарын түпнұсқада оқып түсінуге шарасыз болған. Сол үшін олар грек тіліндегі Аристотельді араб тілі арқылы тануға мәжбүр еді. Тіпті кейбір қолжазба беттерінде әл-Фарабидің «Бұл кітапты қырықтан астам рет оқыдым» деген жазулары бар екені нақты деректерде кездеседі. Осылай әлемнің Бірінші ұстазын таныткан әл-Фараби «Екінші ұстаз» атанды.

**Дереккөз: kazislam.kz**

## DÚISENBI
## 14 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Kóńil tolqyny». 6:15 «Másele». 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NIET». 13:35 «Жәдігер». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Күміс көмей». 15:55 «100 JAŃA ESIM. 16:10 «АУЫЛДАСТАР». 16:40 «Kóńil tolqyny». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Apta». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР-2». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 AQPARAT. 1:05 «Ashyq alań». 1:55 «Niet». 3:15 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 «7 күн». 7:15 «Удачная сделка». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 «Жестокий Стамбул». 11:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом». 13:10 «Чужое гнездо». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Пәленшеевтер 3». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Жестокий Стамбул» 22:25 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 23:30 «Пәленшеевтер 3». 0:35 Д/драма «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Құйынды мекен». 14:00 «Primaries 2020». 14:05 Vine Time. 14:15 М/ф «Маша и медведь». 14:40 «Брак по завещанию» ериал. 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Үздік әзілдер». 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:20 «Ұлы ханша». 0:50 «Таңдауым сен». 1:50 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Пилот международных авиалиний». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 "МӘССАҒАН.KZ". 07.50 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 08.20 "АСЛЫ-ФЕРХАТ".. 09.40 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ". 10.30 "ТЫ МОЙ СВЕТ". 12.30 "ОТ СУДЬБЫ НЕ ЗАРЕКАЙСЯ". 16.30 "ӨМІР САБАҒЫ". 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ХОРОШАЯ ЖЕНА". 23.45 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 01.30 "ТЫ МОЙ СВЕТ". 03.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 03.50-05.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.15 «Еленген есім». 07.15 «Элиф». 08.20 «Беги, не оглядывайся». 13.00 «Жалдамалы қалыңдық». 14.00 «Азулы әулет». 15.00 «Q-елі». 15.50 «Женщина в зеркале». 17.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 18.10 «Балабол-2». 19.15 «Гранд 3». 20.20 «Жалдамалы қалыңдық». 21.20 «Тек қана қыздар». 21.50 «Тақиясыз періште». 22.20 «Элиф». 23.20 «Женщина в зеркале». 00.25 Х/ф «Телохранитель киллера». 02.50 «Q-елі». 03.10 «Азулы әулет». 04.10 «Элиф». 05.00 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 «Online-Фитнес». 08.15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 11.15 Фильм «Байланыс аясынан тыс жерде». 13.00 «Жеңіс-75». 13.15 Деректі фильм. 14.00 А. Каримов «Жүрегім». 15.30 «Деректі фильм». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 м/ф. 16.30 «Жүрек тынысы». 17.20 «Бапкер». 18.00 «Неизведанный Казахстан». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.45 м/ф. 19.00 «Квартирник TENGRI» .20.15 «Президент Жолдауы: серпінге-сенім!». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 23.30 «Дидар».

**АҚШАМ**

09:00 КИНО «Притяжение». 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 КИНО. «Притяжение». 12:10 М/с «Лунтик». 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:35А/ф «Волки и Овцы: Ход Свиньей». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 «Неге?» 07:05 «Экстрасенсы против детективов». 09:10 КИНО. «Иллюзия обмана». 12:00 КИНО. «Иллюзия обмана 2». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Кухня». 20:00 Информбюро. 21:00 «Один против всех». 23:10 «Махаббатым, кеш мені». 01:30 «Кел татуласайық». 03:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

## SEISENBI
## 15 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NIET». 13:35 «ҚАЙСАР ЖАН». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Қанатсыз құстар-2». 16:10 «АУЫЛДАСТАР». 16:40 «Kóńil tolqyny». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...» 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР-2». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 AQPARAT. 1:05 «Ashyq alań». 1:55 «Niet». 3:15 «Ауылдастар»..

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удачная сделка». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 «Жестокий Стамбул». 11:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Пәленшеевтер 3». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Жестокий Стамбул». 22:25 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 23:30 «Пәленшеевтер 3». 0:35 Деректі драма «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 «Primaries 2020». 14:05 Vine Time. 14:15 М/ф «Буба». 14:40 «Брак по завещанию». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!» 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:20 «Ұлы ханша». 0:50 «Таңдауым сен». 1:50 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Пилот международных авиалиний». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР . 07.30 "АСЛЫ-ФЕРХАТ". 09.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 09.50 НОВОСТИ. 10.30 "БЫЛО ДЕЛО". 12.10 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 14.30 "ХОРОШАЯ ЖЕНА". 16.30 "ӨМІР САБАҒЫ". 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ХОРОШАЯ ЖЕНА". 23.45 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 01.30 "БЫЛО ДЕЛО". 02.10 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50-04.10 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.15 «Еленген есім». 07.10 «Келесі кім?». 07.50 «Элиф». 09.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 10.10 «Измайловский парк». 11.50 «Балабол-2». 13.00 «Жалдамалы қалыңдық». 14.00 «Азулы әулет». 15.00 «Q-елі». 15.50 «Женщина в зеркале». 17.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 18.10 «Балабол-2». 19.15 «Гранд 3». 20.20 «Жалдамалы қалыңдық». 21.20 «Тек қана қыздар». 21.50 «Тақиясыз періште». 22.20 «Элиф». 23.20 «Женщина в зеркале». 00.25 «Такая Life». 01.00 «Вокруг света за монетой». 02.10 «Жалдамалы қалыңдық». 03.10 «Азулы әулет». 04.10 «Элиф». 05.00 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Online-Фитнес». 08.45 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 11.45 Мультфильм. 12.20 «Бапкер». 13.00 «Дидар». 13.30 «Президент Жолдауы: серпінге-сенім!». 13.45 Е. Нұржановтың «Ана қадірі» атты ән кеші. 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 16.50 «Ән шашу». 17.20 «Бапкер». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.45 «Квартирник TENGRI». 20.00 «Дәрігер кеңесі». 20.30 «Дидар». .00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Тәуелсіздік құрдастары». 23.30 «Дидар».

**АҚШАМ**

09:00 «Ганга» . 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:45 «Гадалка». 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 А/ф «Не бей копытом». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 «Один против всех». 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок .

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 06:50 Информбюро. 07:50 «Ганга». 10:00 «What's Up?». 10:40 «Один против всех». 13:00 А/ф «Иван Царевич и Серый Волк 3». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Кухня». 20:00 Информбюро. 21:00 «Один против всех». 23:10 «Махаббатым, кеш мені» . 01:25 «Кел, татуласайық». 03:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

## SÁRSENBI
## 16 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NIET». 13:35 «KELBET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Қанатсыз құстар-2». 16:10 «АУЫЛДАСТАР». 16:40 «Kóńil tolqyny». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР-2». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 AQPARAT. 1:05 «Ashyq alań». 1:55 «Niet». 3:15 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удачная сделка». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 «Жестокий Стамбул». 11:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Пәленшеевтер 3». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Жестокий Стамбул». 22:25 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 23:30 «Пәленшеевтер 3». 0:35 Деректі драма «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 «Primaries 2020». 14:05 Vine Time. 14:15 М/ф «Маша и медведь». 14:40 «Брак по завещанию». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Үздік әзілдер». 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:20 «Ұлы ханша». 0:50 «Таңдауым сен». 1:50 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Аленка из Почитанки». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "АСЛЫ-ФЕРХАТ". 09.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 09.50 НОВОСТИ. 10.30 "БЫЛО ДЕЛО". 12.10 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 14.30 "ХОРОШАЯ ЖЕНА". 16.30 "ӨМІР САБАҒЫ". 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАТЬ ЗА СЫНА". 23.45 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 01.30 "БЫЛО ДЕЛО". 02.10 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50-04.10 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.15 «Еленген есім». 07.10 «Келесі кім?». 07.50 «Элиф». 09.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 10.10 «Смеяться разрешается». 11.50 «Балабол-2». 13.00 «Жалдамалы қалыңдық». 14.00 «Азулы әулет». 15.00 «Q-елі». 15.50 «Женщина в зеркале». 17.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 18.10 «Балабол-2». 19.15 «Война семей». 20.20 «Жалдамалы қалыңдық». 21.20 «Тек қана қыздар». 21.50 «Тақиясыз періште». 22.20 «Элиф». 23.20 «Женщина в зеркале». 00.25 «Такая Life». 01.00 «Вокруг света за монетой». 02.10 «Жалдамалы қалыңдық». 03.10 «Азулы әулет». 04.10 «Элиф». 05.00 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Online-Фитнес». 08.45 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 12.00 м/ф. 12.20 «Бапкер». 13.00 «Дидар». 13.30 «Дәрігер кеңесі». 14.00 «Егізім» Әділ мен Дананың ән кеші. 15.25 «Тәуелсіздік құрдастары». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 Деректі фильм. 16.45 «Ән шашу». 17.20 «Бапкер». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 19.40 «Квартирник TENGRI». 20.15 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Тәуелсіздік құрдастары». 23.30 «Дидар».

**АҚШАМ**

09:00 «Ганга». 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 «Один против всех». 12:40 «Атлантида: Затерянный мир». 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 «Атлантида: Затерянный мир». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 «Один против всех». 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок..

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 06:50 Информбюро. 07:50 «Ганга». 10:00 «What's Up?». 10:30 «Один против всех». 12:50 А/ф ««Иван Царевич и Серый Волк 4» . 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Кухня». 20:00 Информбюро. 21:00 «Один против всех». 23:10 «Махаббатым, кеш мені». 01:25 «Кел, татуласайық». 03:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

## BEISENBI
## 17 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NIET». 13:35 «Дала өркениеті». Деректі фильм. 14:00 AQPARAT. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Қанатсыз құстар-2». 16:10 «АУЫЛДАСТАР». 16:40 «Kóńil tolqyny». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР-2». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 AQPARAT. 1:05 «Ashyq alań». 1:55 «Niet». 3:15 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удачная сделка». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 «Жестокий Стамбул». 11:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом». 13:10 «Чужое гнездо». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Пәленшеевтер 3». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Жестокий Стамбул». 23:30 «Пәленшеевтер 3». 0:35 Деректі драма «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 «Primaries 2020». 14:05 Vine Time. 14:15 М/ф «Буба». 14:40 «Брак по завещанию». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Үздік әзілдер». 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:20 «Ұлы ханша». 0:50 «Таңдауым сен». 1:50 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Аленка из Почитанки». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "АСЛЫ-ФЕРХАТ". 09.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 09.50 НОВОСТИ. 10.30 "БЫЛО ДЕЛО". 12.10 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 14.30 "МАТЬ ЗА СЫНА". 16.30 "ӨМІР САБАҒЫ". 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАТЬ ЗА СЫНА". 23.45 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ". 01.30 "БЫЛО ДЕЛО". 02.10 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50-04.10 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.15 «Еленген есім». 07.10 «Келесі кім?». 07.50 «Элиф». 09.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 10.10 «Смеяться разрешается». 11.50 «Балабол-2». 13.00 «Жалдамалы қалыңдық». 14.00 «Азулы әулет». 15.00 «Q-елі». 15.50 «Женщина в зеркале». 17.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 18.10 «Балабол-2». 19.15 «Война семей». 20.20 «Жалдамалы қалыңдық». 21.20 «Тек қана қыздар. 21.50 «Тақиясыз періште». 22.20 «Элиф». 23.20 «Женщина в зеркале». 00.25 «Такая Life». 01.35 «Айнаонлайн». 02.10 «Жалдамалы қалыңдық». 03.10 «Азулы әулет». 04.10 «Элиф». 05.00 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Online-Фитнес». 08.45 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 12.00 М/ф. 12.20 «Бапкер». 13.00 «Дидар». 13.30 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 13.45 «Сазгер К.Омаровтың шығармашылық ән кеші». 15.35 «Тәуелсіздік құрдастары». 16.00 Хабарландыру. 16.30 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері».17.20 «Бапкер». 18.00 «Дидар». 18.15 м/ф. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.00 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 19.40 «Квартирник TENGRI». 20.15 «Рухани қазына». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Тәуелсіздік құрдастары». 23.30 «Дидар» .

**АҚШАМ**

09:00 «Ганга». 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:35 «Один против всех». 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 А/ф«Братец Медвежонок». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 Сериал. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 «Один против всех». 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок..

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 06:50 Информбюр . 07:50 «Ганга». 10:00 «What's Up?». 10:55 «Один против всех». 13:15 А/ф «Бэмби». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Кухня». 20:00 Информбюро. 21:10 «Один против всех». 23:20 «Махаббатым, кеш мені». 00:30 «Кел, татуласайық» . 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

## JUMA
## 18 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NIET». 13:35 «ИМАН ӨЗЕГІ». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Қанатсыз құстар-2». 16:05 «Ауылдастар». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». 17:35 «Kóńil tolqyny». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР-2». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 «PARASAT MAIDANY». 1:05 AQPARAT. 1:35 «Ashyq alań». 2:25 «Niet».

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удачная сделка». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 «Жестокий Стамбул». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Пәленшеевтер 3». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:40 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Жестокий Стамбул». 23:30 «Пәленшеевтер 3». 0:35 Деректі драма «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 «Primaries 2020». 14:05 Vine Time. 14:20 Док/фильм. 14:40 «Брак по завещанию». 16:00 «Қош келдіңіз!». 16:55 «Үздік әзілдер». 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы ханша». 0:30 «Таңдауым сен». 1:30 ASTANA TIMES. 2:30 «Әзілстан». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Все только начинается…». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "АСЛЫ-ФЕРХАТ". 09.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 09.50 НОВОСТИ. 10.30 "БЫЛО ДЕЛО". 12.10 "МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ». 14.30 "МАТЬ ЗА СЫНА". 16.30 "ӨМІР САБАҒЫ". 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 20.35 "KTKweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "НЫРЯЛЬЩИЦА ЗА ЖЕМЧУГОМ". 01.30 "БЫЛО ДЕЛО". 02.40 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 03.10-04.20 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.20 «Еленген есім». 07.15 «Келесі кім?». 07.50 «Элиф». 09.00 «Тайны госпожи Кирсановой». 10.10 «Смеяться разрешается». 11.50 «Балабол-2». 13.00 «Жалдамалы қалыңдық». 14.00 «Азулы әулет». 15.00 «Q-елі». 16.15 «Удивительные люди». 18.50 «Дизель шоу». 20.20 «Жалдамалы қалыңдық». 21.20 «Япырай». 21.50 «Тақиясыз періште». 22.20 «Элиф». 23.20 Х/ф «Охотники на ведьм». 01.15 «Слуга народа-2». 03.10 «Азулы әулет». 04.10 «Элиф». 05.00 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00«Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу». 12.00 «Мультфильм». 12.20 «Бапкер». 13.00 «Дидар». 13.30 «Рухани қазына». 13.45 «Мәңгі махаббат қалашығы» концерті. 15.25 «Тәуелсіздік құрдастары». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 17.25 Деректі фильм. 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 19.00 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 20.00 «Жұмадағы жүздесу». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Тәуелсіздік құрдастары». 23.30 «Дидар».

**АҚШАМ**

09:00 «Ганга». 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:35 «Один против всех». 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 А/ф «Братец Медвежонок». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 «Один против всех». 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 06:50 Информбюро. 07:50 «Ганга». 10:00 «What's Up?». 11:00 «Один против всех». 13:20 А/ф «Бэмби 2». 15:00 «Кел, татуласайық». 18:00 «Кухня». 20:00 Информбюро. 21:10 «Один против всех». 23:10 «Битва экстрасенсов. 01:50 «Кел, татуласайық». 03:40 Ризамын. 04:30 Әзіл студио.

## SENBI
## 19 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:35 «Ғасырлар үні». 7:05 «Қазыналы Қазақстан». Д/ф. 8:00 AQPARAT. 8:30 «Орман күзеті». М/х. 10:00 «Келін әні». 12:00 «NUR TILEÝ». 12:35 «КҮМІС КӨМЕЙ». 13:20 «Ázil álemi». 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Ұлы дала баласы». Т.Төреәлінің концерті. 16:15 «Суперотбасы». М/ф. 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 «MÁSELE». 20:50 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». Музыкалық талант-шоу. 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 «Күміс көмей». 1:20 «Másele». 2:05 «Nur Tileý». Сұхбат. 2:35 «Parasat maidany». 3:05 «Қазыналы Қазақстан». Д/ф.

**ХАБАР**

6:00 «Тамаша». 7:15 «Махаббат - әнім» атты Ж. Орынбасарованың концерті. 9:00 «Өзін-өзі тану». 9:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 10:00 «От всего сердца» Батырхан Шукенов. 11:10 «Q-бренд». 11:20 С. Ибрагимовтың «Бірінші концерт» атты концерті. 13:00 Семейное кино. «Замуж в 30». 14:50 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 18:20 Мегахит. «Монстр-траки». 20:10 «Отдел журналистских расследований». 21:00 «7 күн». 22:00 Khabar boxing. 23:00 Международный турнир по ММА. Fight Nights Global 97.

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Әзілстан». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:30 «Кекеш келін». 11:00 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 «1 минут» интеллектуалдық шоу. 15:00 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры. 18:00 «Қызғалдақ». 20:00 «Үздік әндер». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:20 «Ұлы ханша». 0:50 «Bas Times». 2:30 Той жыры. 2:55 «KazNet». 3:15 «Әзілстан». 3:35 «Ән мен әзіл». 3:55 «Все только начинается…». 5:30 «Домашние войны».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 08.10 "ШАТЫР АСТЫНДАҒЫ ЕКЕУ". 09.00 "KTKweb" . 09.30 "КЕТТІК ТОЙҒА". 10.00 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 11.40 "НЫРЯЛЬЩИЦА ЗА ЖЕМЧУГОМ". 16.00 "АТАЛАР СӨЗІ". 18.50 "ЕРКЕКПІН МЕН". Ғ. Шекербековтің ән-кеші. 21.00 "БОЛЬШИЕ НОВОСТИ". 22.00 "ПИСЬМА ИЗ ПРОШЛОГО". 01.40 "МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ". 02.20 "БЕЙТАНЫС ЖҰЛДЫЗ", к/ф. 03.40-04.10 "КЕТТІК ТОЙҒА".

**7-АРНА**

06.00 «Туған елім». 07.50 «Гу-гулет». 08.50 «Гранд 3». 11.10 «Война семей». 13.20 «Дизель шоу». 15.00 «Япырай». 15.40 «Тақиясыз періште». 17.30 «Тек қана қыздар». 20.00 «Удивительные люди». 22.25 «Q-елі». 23.00 Х/ф «Бабушка легкого поведения». 00.50 Х/ф «Кровавый транзит». 02.50 «Жалдамалы қалыңдық». 03.35 «Шай Ішейік». 04.20 «Q-елі». 04.50 «Өз ойым»

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.05 Документальный фильм. 10.00 «Дидар». 10.15 «Кел, күлейік» С. Ерубаевтың шығармашылық кеші. 12.10 «Ұлы дала есімдері мен қасиетті жерлері». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.00 Деректі фильм. 14.30 Мультфильм. 15.00 «Неизведанный Казахстан». 15.30 «Тәуелсіздік құрдастары». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 «Мен даланың қызымын» Б. Сәмединова. 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Хабарландыру». 18.55 «Имена и святыни великой степи». 19.45 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 20.00 «Сәлем». 21.00 К/ф «Астанаға көктем кеш келеді». 23.15Док/фильм.

**АҚШАМ**

09:00 «Готовим с Адель». 09:30 «Битва экстрасенсов». 12:35 М/с «Маша и медведь». 13:20 Информационный блок. 13:30 «Мы дома». 15:25 А/ф «Великий мышиный сыщик». 17:20 КИНО «Пираты Карибского моря: На странных берегах». 20:20 КИНО. «Иллюзия обмана». 12:30 Информационный блок. 22:50 КИНО. «Иллюзия обмана 2». 23:30 Информационный блок..

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио. 07:00 Алдараспан, Шаншар күнделіктері. 07:50 Информбюро. 09:00 «Готовим с Адель». 09:30 «Битва экстрасенсов». 12:35 М/с «Маша и медведь». 13:30 «Мы дома». 15:25 А/ф «Руслан и Людмила: Перезагрузка». 17:20 КИНО. «Пираты Карибского моря: Мертвецы не рассказывают сказки». 20:30 КИНО. «Пит и его дракон». 22:40 Концерт «Кел, күлейік». 01:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 Әзіл студио. 05:00 Ризамын.

## JEKSENBI
## 20 QYRKÚIEK

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:35 «Ұлттық арнада - ұмытылмас әндер». 7:05 «Tolaǵai». 7:40 «Айдар». М/х. 9:00 «Қазақтың қара баласы». «Серілер» тобының концерті. 10:00 «Келін әні». 12:00 «ҮРКЕР». 12:25 «ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ». Д/ф. 12:55 «Күлтегін». М/ф. 14:10 «Фатмагүл». 15:10 «Шаншар-25». 16:20 «Егіз лебіз». Музыкалық талант-шоу. 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 20:00 «АРТА». 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК». 22:30 «ФАТМАГҮЛ». 23:20 «ХАНЗАДА». 0:35 «Apta». 1:20 «Үркер». 1:45 «Ғасырлар үні». 2:15 «Дала өркениеті». Д/ф. 2:40 «Иман өзегі». 3:10 «Ұлттық арнада - ұмытылмас әндер».

**ХАБАР**

6:00 «Тамаша». 6:50 «Жұмыр жердің жұмағы» атты Ө. Айниязовтың ән кеші. 9:00 «Самопознание». 9:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 10:10 Д/ф «Культура равнодушия». 10:30 Международный турнир по ММА. Fight Nights Global 97. 12:30 Мегахит. «Монстр-траки». 14:20 «Пәленшеевтер 3». 17:25 Мегахит «Побеждая время». 19:15 «Мәжіліс.kz». 19:45 «Жұлдыздар айтысады». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:00 «Новая кровь». 1:00 Төрлетіңіз.

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 7:00 «KazNet». 7:30 «Әзілстан». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Кекеш келін». 11:55 «Сүлеймен Сұлтан». 13:25 «Ұлы ханша». 15:00 «1 минут» интеллектуалдық шоу. 16:00 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры. 18:00 «Қызғалдақ» .20:00 «Үздік әндер». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы ханша». 0:55 К/ф «Биыл сөзсіз күйеуге шығамын» 2:55 «Әзілстан». 3:15 «Ән мен әзіл». 4:20 «Все только начинается…».

**КТК**

07.05 "ЕРКЕКПІН МЕН" . 08.30 "КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ". 09.30 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 11.40 "ПИСЬМА ИЗ ПРОШЛОГО". 15.30 "АТАЛАР СӨЗІ". 17.00 "КОМНАТА СТАРИННЫХ КЛЮЧЕЙ". 21.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ". 22.00 "НУЖНА НЕВЕСТА С ПРОЖИВАНИЕМ". 00.00 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ". 00.35 "МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ". 01.25 "БЫЛО ДЕЛО". 02.00 "ТЕЗІРЕК ЖЕТ, ДЖАМШИД", к/ф. 03.20-04.10 "КӨРІПКЕЛ-2".

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.40 Концерт «СӘЛЕМ, ҰЛЫ ДАЛА». 08.35 М/с «Джинглики». 09.00 «Измайловский парк». 10.40 «Осколки счастья». 15.00 «Япырай». 15.30 «Тақиясыз періште». 16.30 «Жалдамалы қалыңдық». 21.00 Х/ф «22 мили». 23.00 Х/ф «Охотники на ведьм». 01.00 «Киберзащитники». 02.10 «Жалдамалы қалыңдық». 03.10 «Айнаонлайн». 04.00 «Шай Ішейік». 04.50 «Өз ойым».

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 «Ән шашу». 08.30 Мультфильм. 09.00 Документальный фильм. 10.00 «Дидар». 10.15 «Асыл жарым» Мирас пен Құралай. 12.05 «Имена и святыни великой степи». 13.00 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 13.15 «Неизведанный Казахстан». 13.45 К/ф «Астанаға көктем кеш келеді». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 «Әндер мен жылдар». 18.00 «Ровестники Независимости». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 «Неизведанный Казахстан». 19.45 «Жеңіс-75». 20.00 «Сәлем». 21.00 Фильм «Ойын ішіндегі ойын». 23.00 Док/фильм.

**АҚШАМ**

09:00 М/с «Маша и медведь». 10:00 «Готовим с Адель». 10:35 М/с «Маша и медведь». 11:55 А/ф «Великий мышиный сыщик». 13:20 Информационный блок. 13:40 КИНО «Пираты Карибского моря: На странных берегах». 17:00 А/ф «Иван Царевич и Серый Волк 3». 19:00 А/ф «Иван Царевич и Серый Волк 4». 21:00 «Экстрасенсы против детективов». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио. 07:10 «Мы дома» . 08:50 М/с «Маша и медведь». 10:00 «Готовим с Адель». 10:35 А/ф «Руслан и Людмила: Перезагрузка» . 12:45 КИНО. «Пираты Карибского моря: Мертвецы не рассказывают сказки». 15:50 КИНО. «Пит и его дракон». 18:10 КИНО. «Красавица и чудовище». 21:00 «Экстрасенсы против детективов». 23:00 «Неге?». 00:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:00 Әзіл студио. 04:30 Ризамын.

---

**ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ**

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗДАР!

***Күз, қыс айларында жекеменшік тұрғын үйлерде өрт оқиғаларының жиілеп кететіні баршаға мәлім. Оның басты себебі ретінде, көбіне, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауын, пешті және электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбауды, немқұрайлы қарауды айтуға болады.***




Статистикалық мәліметтерге сәйкес, пешті дұрыс пайдаланбаудан болатын өрт оқиғалары үшінші орында тұр. Шамамен алғанда, тұрғын үйлерде орын алып жататын әрбір оныншы өрт оқиғасы пештің ақаулы болуынан немесе оны дұрыс пайдаланбағаннан туындап жатады. Бұл жағдайда өртенген үйдің иесі емес, сондай-ақ көршілері де баспанасыз қалуы әбден мүмкін. Тіпті, ең өкіністісі сол, өрт оқиғасы салдарынан адамдардың ажал құшуы да кездесіп отырады. Сондықтан, қайғылы жағдайды болдырмас үшін, баспананы сақтау үшін төмендегі ережелерді біліп және оны күнделікті сақтап жүру қажет.

Жылу беру маусымы басталар алдында пеш пен оның түтін шығар мұржасын барынша тазалап, жарылған жерлері болса сылап, жөндеп, сыртын ақтап қою қажет.

Ағаш құрастырмаларға жанастыра салынған немесе қабатаралық жабында арқылы жүретін түтін шығатын мұржаның сырты кірпіш қалау арқылы қалыңдатылып бөлінуі тиіс. Пештің де сыртын қалыңдатқанды ұмытпаған жөн.

Жанып тұрған пешті қараусыз қалдыру немесе оны балаларға тапсырып кету өте қауіпті саналады. Пешті тұтандыру үшін тамызыққа жылдам жанатын жанар - жағар майларды пайдалануға болмайды.

Әрбір пештің өзінің іргетасы болуы және бір беті бөлмедегі ағаш құрастырмасына толығымен жанаспай, бөлек тұруы қажет. Олардың арасыннан ауа өтетіндей саңылау қалдырылып, аулақтау салынуға тиіс.

Пештің алдындағы (от жағар аузындағы) ағаш еденнің үстіне ені 50, ұзындығы 70 сантиметр шамасында қалың қаңылтыр қағылады.

Пешті аязды суық күндердің өзінде өте қатты қыздырып, қатты жағуға болмайды. Одан шамалап, арасында үзіліс жасап жаққан жөн. Қатты қызудан түтін шығатын мұржаның қабырғалары жарылып, одан от ұшқындары ұшуы мүмкін. Пеш өте қатты қызып кетпес үшін әрбір жарты сағат сайын емес, күніне 2-3 рет жағуға кеңес беріледі.

Ұйқыға жатардан 3 сағат бұрын пешке от салу тоқталуы керек.

Кірпіш қалауларының арасында жарықшақтар пайда болмас үшін түтін шығатын жолдарда жиналып қалатын ыстан үзбей тазалап тұру қажет.

Пештің үстіне дымқыл ағаш, ылғал отын кептірмеңіз. Сонымен қатар, қандайда бір болмасын жиһаздың, перделердің от жағылатын пештен жарты метрден кем емес қашықтықта болуына назар аударыңыз.

Пешті тұтандыру үшін пештің ішіне сыймайтын ұзын ағашты пайдалануға мүлде болмайды. Оттың жалыны тысқары тұрған заттарға тиіп, еден мен қабырғаны шарпып, өрт кетуі мүмкін.

Пешке және түтін шығатын жолдарға жанасатын тез тұтанатын және жануы қиындау ғимарат құрылысының (қабырға, жабынды, арқалықтар) бөліктерінің жанбайтын материалдармен бөлінуіне назар аудару қажет.

Пешті жөндеуге және қалап шығуға тек әбден машықтанған мамандарды шақыру керек.

Өрт шыға қалған жағдайда абдырап, саспаңыз. Көршілерді көмекке шақырыңыз, 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт сөндірушілерге хабарлау керек. Ал, өзіңіз кәсіби көмек келіп жеткенше дауыстай жүріп адамдарды құтқаруға және қолдағы бар құралдарды пайдаланып өртті сөндіруге кірісіңіз. Тек адамдардың жұмыла кірісуі мен өзара көмегі сіздің және айналаңыздағы адамдардың апаттан аман қалуына, қайғылы оқиғаның алдын алуға көмегін тигізеді.

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:**
**Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы 8(7102) 74-11-34**

**Руслан ШАЙХИН,**
**Жезқазған қаласы ТЖБ ЗҚҚАжАҚСБ тобының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты**

**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Директор – бас редактор**
**Дархан Қабылдашұлы МҰХАН**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №25. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА.

(А) – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

# ТІЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

***Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, әйгілі Алаш ардақтысы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасы Тілдер мерекесі қарсаңында қаламыздағы тіл және өнер саласының майталмандары бас қосып, мемлекеттік тіл мәртебесі және оның бүгіні мен ертеңі жайлы тоғыз тарау толғамды ойларын ортаға салды.***



– Қазақ тілі мен Ахмет Байтұрсынұлының тағдырын бөліп-жарып қарауға болмайды дер ем. Адамзат баласын өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын ерекшеліктерінің бірі – тілі екені белгілі. Тілді жай ғана қарым-қатынас құралы ретінде қарайтын болсақ – қателескеніміз. Олай болса, мына төрткіл дүние халқына тек бір ғана тіл болса жарайтын еді. Бірақ, тіл – тек сөйлесу құралы емес. Оған тіл ғалымы Кәкен Ахановтың: «Тілге ұлттың тарихы, шежіресі, арман-мүддесі, мінез-құлқы, ішкі жаңғырығы, дүниетанымы кіреді» деген сөздері дәлел болса керек-ті. Күн сайын әлемде бір тіл жойылып отырады. Мен қазақ тілінің болашақтағы тағдыры осындай болмаса екен деймін. Тіліміздің өсуі де өшуі де – өзіміздің қолымызда. Ана тілін ардақтайтын қаракөз ұл мен қыздар мейлінше көбейген сайын, қазақ тілі де мәңгі жасамақ. Көптеген тіл ғалымдары біздің тіліміздің де жойылып кету қаупі барын айтады. Біз соған жол беріп алмауымыз керек, – деген филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ғазиз Ештанаев жастарға мемлекеттік тілде сөйлеу ұят емес, айрықша абырой екенін түсіндірді.

Шара барысында Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин қос ішек домбырасын әуелетіп, Ахмет Байтұрсынұлының «Аққұм» әнін орындады.

Шара соңында «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Майра Жолдасбекқызы, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының басшысы Нұрлан Хамзин және жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Ізтөлеу Бекенұлы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде белсенді қызмет етіп жүрген бір топ тіл жанашырларына Алғыс хаттарын табыстады. Мереке қарсаңында тіл саясатын жүзеге асыру бағытында зор үлесі үшін қаланың мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тіл саясат комитеті төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




# АДАЛДЫҚ САҒАТЫ ӨТТІ

***1 қыркүйек – Білім күні ел аумағындағы барлық білім ошақтарында «Әділдікке үндеген Қожа Ахмет Ясауи» тақырыбында жалпыреспубликалық адалдық сағаттары ұйымдастырылды.***




Өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және маңызды адамгершілік құндылықтар саналатын адалдық, әділдік, парасаттылық пен сенімді қалыптастыруды мақсат еткен сынып сағаттары білім және ғылым министрлігінің қолдауымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен өткенін айта кеткен жөн.

Онлайн форматта өткен кездесу Тұран даласының ұлы ойшылы Қожа Ахмет Ясауидің әділеттік қағидатын түсіндіруге арналды. Түркі әлемінің дамуында Ясауидің рөлі зор. Оның бай мұрасы түркі мемлекеттері арасында достық қарым-қатынас орнатуда үлкен мәнге ие.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы бүкіл Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның және барлық түркі мемлекеттерінің рухани білім жүйесіне негіз болғанын айтты.

Онлайн-дәріс кезінде оқушылар мен студенттер ұлы ойшылдың адалдық, әділдік, парасаттылық пен қарапайымдылық, мейірімділік сияқты адами асыл құндылықтарды насихаттайтын «Диуан-Хикмет» даналық кітабында топтастырылған нақыл сөздерімен танысуға мүмкіндік алды.

1 қыркүйектегі жағдай бойынша облыс бойынша оқушылардың жалпы саны – 199007. Оның ішінде 17288 оқушы штаттық режимде, 58617 оқушы кезекші сыныптарда, 123102 оқушы қашықтықтан оқытылуда. 1 сынып оқушыларының саны – 21571.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен бейне-сабақ республикалық және аймақтық телеарналардан көрсетіліп, сондай-ақ, Агенттіктің «Youtube» каналы мен әлеуметтік желілерде орналастырылды.

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі**

## БИЗНЕС-БАСТАУ

# ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ АЛТЫН

***Қаламыздағы нәзікжанды кәсіпкерлердің бірі Мархаббат Тілеубаеваға коронавирус пандемиясы кедергі болмады. Керісінше карантин кезеңінде уақытын ұтымды пайдаланып, мол мүмкіндіктер көкжиегін ашқан ол сүйікті ісін кәсіпке айналдырып отыр.***

Мархаббат Тілеубаева 2019 жылдың қараша айында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен «Бастау-бизнес» жобасына қатысып, Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығынан «Еңбек» бағдарламасы арқылы 200 АЕК көлеміндегі грантты жеңіп алған болатын. Төтенше жағдайға байланысты грант қаражаты сәл кешігіп, өзіне қажетті құрал-жабдықтарды, яғни, тігін машинасы мен мөлшері өзгертілетін манекенді біраз тосып қалды. Міне содан бері өз кәсібіне білек сыбана кірісіп, еңбек еткен ол бүгінде жеке курстар ұйымдастырып, соған материалдар дайындау үстінде.

– Оқыту екі тілде өтеді. Карантин уақытында курстарды онлайн ұйымдастырғанды жөн көрдім. Менің үйреткендерім шәкірттеріме барынша түсінікті әрі анық болады деп үміттенемін, – дейді ол.

Мархаббат қазіргі таңда италяндық сән және стиль мектебінің ресейлік филиалында қосымша білім алуда. Оқуын тәмамдаған соң дизайнерлердің халықаралық сертификатына ие болады. Аталған курста алыс-жақынды ТМД мемлекеттері мен сән саласы жақсы дамыған Түркия елінің дизайнерлдері мен тігіншілері білім алып жатқан көрінеді.

– Қазір сәнді киімдер өте қымбат тұрады. Бұл олардың матасына да байланысты. Біздің елімізде мата бағасы тіпті қымбат. Мен қымбат матасыз-ақ әдемі киініп, сәнді көрінуге болатынын дәлелдегім келеді, – деген Мархабаттың жұмысына біз де сәттілік тілейміз.

**Ай СҮГІР**



***Жаңа оқу жылы қарсаңында барлық мешіттерде «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады. Биыл да игі бастама өз жалғасын тапты.***

# ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАЛҒАСТЫ

Қайырымдылық шарасына Ахмет ишан Оразайұлы атындағы қалалық мешітте үн қосты. Берекелі іс барысында көмекке мұқтаж отыз отбасында тәрбие алып жатқан мектеп оқушысына оқуға қажетті құрал-жабдықтар сыйға тартылды. Мешіт тарапынан ұйымдастырылатын әрбір қайырымдылық іс-шарасынан «Жусан» операциясы аясында елге оралған отбасылары да қалыс қалмайтынын айта кеткен жөн. «Мектепке жол» республикалық акциясы шеңберінде аталған отбасылардың мектеп жасындағы 15 баласына оқу құралдары мен мектепке қажетті заттар үлестірілді.

Қайырымдылық акциясына қатыса алмаған оқушылардың керек-жарақтары үйді-үйіне жеткізілді. Игі іс Жезқазған қаласының Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрбол Тағаев пен «Зекет» қорының Жезқазған аймағы бойынша өкілі Айтжан Аққошқаровтың ұйымдастыруымен жүзеге асты.

**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің баспасөз қызметі**

## ТАНЫМ

# *Райхан гүлі туралы аңыз*

Ертеде оғыздың ханы Қарабура әулиенің қызына үйленеді. Есімі Бегім екен. Өте ажарлы болған соң, жұрт оны Бегім сұлу атапты. Бірде хан аңға шыққанда, бүркіттің томағасын ұмытып кетеді. Атқосшыны томағаға жұмсайды. Ол Бегім сұлуды көріп, ақыл-есінен айрылады. Ертесіне есін әрең жинап, қайтып келеді. Патша қаһарланып:

– Неге кешіктің? – деп дүрсе қоя береді. Ол қорыққаннан:

– Ханым білегімнен ұстап жібермей қойды, – деп өтірік айтады. Хан ашуланып. Үйіне келеді. Сөзге келместен, әйелінің бұрымын, оң қолын кесіп, зынданға тастайды.

Қызының ауыр халін Қарабура әулие түсінде көреді. Ханға келіп;

– Қызым адал жарың еді. Не жазды? – дейді.

– Көзіме шөп салды. Абыройыма дақ салды.

– Менен туғаны рас болса, олай істемейді. Көрсет қызымды, сөйлесейін.

– Жоқ! Жоғал қараңды көрсетпей! – дейді хан, сосын нөкеріне бұрылып:

– Мынаны сүйреп шығарыңдар! – деп бұйырады. Қарабура әулие:

– Қызым кінәсіз болса, бүгін түнде қолы мен бұрымы қалпына келсін! Жазықсыз жапа бергенің үшін қалаңды жылан бассын! – деп дұға жасайды.

Түнде Бегім сұлудың қолы мен бұрымы Алланың құдіретімен қалпына келеді. Хан оның кінәсіз екеніне көзі жетіп, кешірім сұрайды. Бірақ көңілінде дақ қалған әйелі көгершінге айналып ұшып кетеді.

Арада көп өтпей, аспаннан жеті мес түседі. Жұрт мұның не екенін білгісі келіп, ішін жарып көреді. Ішінен ордалы жыландар шығады. Олар адамның бәрін шағады. Баяғы Қарабура әулиенің қарғысы есіне түскен халық дүрлігеді. Үйінен безіп, қаласы қаңырап, бос қалады.

Бегім сұлудың қолы мен бұрымын жұрт арулап жерге көмген екен. Ол жерден райхан гүлі өсіп шығыпты. Ол жерді қастерлеп, кейін биік мұнара тұрғызады. Мұнараның төбесінде әлі күнге дейін жалғыз көгершін отыр екен. Айналасында райхан гүлдері әлі жайқалып тұр деседі. Ал қаңырап бос қалған қала – оғыздардың астанасы Жанкент еді. Ол жердің елі ауып, қазіргі Түркия жеріне барып Осман мемлекетін құрыпты.



# ТАЗЫНЫҢ ЖАРАЛУЫ

Ертеде Алтай тауларын самұрық құс мекендепті. Самұрықтың басы – құс, денесі – барыс тәрізді болыпты. Самұрық жүз жылда екі жұмыртқа туыпты. Жұмыртқаның бірінен – тазы, екіншісінен – құмай пайда болады екен. Сол заманда бұл тауды Көкбөрі деген жігіт мекендепті. Ол Ергөнек деген үңгірде жалғыз тұрыпты. Ол жер бетіндегі ең алғашқы түркі болған деседі. Қазіргі түркі халықтарының атасы екен. Көкбөрі бірде таудың ұшар басынан қыңсылаған дыбысты естиді. «Бұл не екен?» деп тауға өрмелеп шықса, самұрық құстың ұясы тұр. Ұяда бір күшік пен балапан жатыр екен. Бала оларды қойнына тығып, үңгірге әкеледі. Сөйтіп қолға үйретеді.

Содан бастап түркілер тазы мен құмай асырай бастапты. Тазы самұрықтан туғасын өте жүйрік келеді. Одан, тіпті, ұшқан құс та тірі құтылмайды. Бірақ, тазы жерді мекендегесін, қаны тез бұзылады екен. Ал құмай Алтай тауында мекендеп жүре береді. Ол тазының тұқымы әлсірей бастағанын сезсе, өзінің бір жұмыртқасынан күшік өсіріп шығады. Сол күшік кейін тазы болады. «Құмай құс жүз жылда бір рет тазы туады» деген сөз осыдан қалыпты.



**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**

# БЖЗҚ көрсететін онлайн қызметтердің танымалдылығы 15,2 пайызға өсті

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2020 жылдың 1 тамызына қарай өз салымшыларына 10,7 миллион қызмет көрсетті. Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай мен коронавирус індеті (COVID-19) белең алған тұста қауіпті вирустың таралуына жол бермеу, қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шектеу шаралары қабылданды. Атап айтқанда, БЖЗҚ өз салымшыларына қызметтерді толық көлемде ұсынуды жалғастырды. Өткен жылмен салыстырғанда, көрсетілген қызметтердің шамалы өсуі байқалды. Мәселен, 2020 жылы Қор салымшылары 2019 жылға қарағанда 106 мың қызметті көбірек алды (өсім 1%).

Жаңа технологиялардың дамуы мен электрондық жүйелердің озық жұмыс істеуінің арқасында барлық қызметтердің 92,2% немесе 9,86 млн. операция онлайн түрінде жүргізілді. Өткен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтердің танымалдылығы 15,2% өсті. Қазіргі уақытта Қор салымшыларының көпшілігі қызметтердің толық спектрін үйден шықпай-ақ алады. Атап айтсақ, сайт пен БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттің көмегімен әрбір адам жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтаманы да оп-оңай алуға болады. Сондай-ақ, I немесе II топтағы мүгедектік мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беріп, төлемге және (немесе) көшуге қатысты өтініштің мәртебесін бақылау және тағы басқа қызметтерге де еш қиындықсыз қол жеткізуге болады.

Кейбір өңірлерде алдын ала жазылу бойынша күндізгі қызмет көрсету режимі сақталғанына қарамастан (филиалдың барлық қызметкерлерінің 50% аспайтын санын жұмыспен қамту арқылы), қалған облыстарда БЖЗҚ бірқатар шектеу шараларын қарастырды. Салымшылардың бір бөлігіне қызмет әлі де Қор кеңселерінде көрсетіледі. 2020 жылдың жеті айында біздің филиалдарда 762,8 мың қызмет ұсынылды.

БЖЗҚ-да барып қызмет көрсететін бөлімдер де бар, олар 1 тамызға қарай салымшыларға 74,3 мың қызмет көрсетті. Қазіргі уақытта бұл бөлім қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтап, штат санының 50% аспайтын қызметкерлерді тарта отырып, жұмыс істеуде. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде онлайн немесе күндізгі қызметтерді алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштерді (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді) ресімдеу және халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жататын салымшыларға (алушыларға) (1-2 топтағы мүгедектер) барып қызмет көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда, олар барып қызмет көрсетуді барлық санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, жүзеге асырады.

БЖЗҚ міндеттерінің бірі – сапалы кеңес беру қызметін ұсыну және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамыту. Мәселен, ағымдағы жылдың 7 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда салымшылардың кері байланыс арналары бойынша өтініштерінің саны 2019 жылы 347,2 мың болса, 2020 жылы ол 825,3 мың өтінішке, яғни 2,4 есе өсті.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), сондай-ақ, www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары арқылы және Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан зейнетақы жүйесіне қатысты түрлі кеңестер ала алады.

**«БЖЗҚ» АҚ-ның баспасөз орталығы**